СЕЙСЕНБІ
№112 (4506)
8.10.2024
www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

AIQYN

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

РЕФЕРЕНДУМ–2024:
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Еліміз өзінің тәуелсіздік тарихында жаңа кезеңге қадам басты. Бұл экономикалық та, қоғамдық та, энергетикалық та, тіпті ғылыми-технологиялық тұрғыда да ел дамуына серпін берген бастама болды. 6 қазан күні АЭС салу мәселесі жөніндегі жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы өз таңдауын жасады. Дауыс берген ел азаматтарының 71,12%-ы атом электр стансасын салуды жақтайтындарын білдірді.

АЭС-ті КОНСОРЦИУМ САЛАДЫ

Бұған дейін де айтқанымыздай, АЭС салу мәселесі елімізде ең алғаш рет сонау 1997 жылы көтерілген болатын. Ол Ақтаудағы БН-350 реакторы әлі жұмыс істеп тұрған кез еді. Содан бері түрлі нұсқа ұсынылып, түрлі жоба қарастырылды. 2006 жылы ол Ақтаудағы МАЭК-тің базасында орналастырылатын болды. 2010 жылы Курчатовта салу жоспарланды. 2015 жылы Курчатов пен Үлкен елді мекендерінде салынатыны айтылды. 2017 жылы МАГАТЭ-нің қабырғасында «Қазақстанда АЭС салу туралы шешім 2018 жылдың аяғына дейін нақты қабылданатын болады» деп мәлім етілді. Осылайша, соңғы нүктесі 2024 жылы 6 қазанда қойылды. Бұл АЭС салу туралы қоғамдық пікірдің ұзақ жылдар бойғы сан мың толғаныс пен пікіталас барысында пісіп-жетілген уақыты еді. Сондықтан да «Қазақстан қоғамы референдумға дауыс беруге моральды түрде дайын келді» деуге болады. Өз кезегінде Мемлекет басшысы мұндағы таңдауды қазақстандықтардың өзіне берді. Тек көптің көкейінде тұрған бір сауал: «оны кімнің салатындығында» еді. Бұған референдум кезінде дауыс берген Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзіне тән парасатпен жауап берді.

«Бұл оңай мәселе емес. Үкімет талдау жасап, тиісті келіссөздер жүргізуге тиіс. Менің пікірімше, Қазақстанда ең озық технологиялары бар әлемдік компаниялардан құралған халықаралық консорциум жұмыс істеуі қажет. Қалғанын уақыт көрсетеді», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент орталығында орналасқан №211 референдум учаскесіне барып өз таңдауын жасады. Одан кейін отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізіп, көпті толғандырған сұрақтарға жауап берді.

ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА

2 қыркүйек күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында елімізде атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы жылдың 6 қазанында өтетінін жариялап, тиісті Жарлыққа қол қойған еді. Осыған орай 5 саяси партия мен 20-ға жуық республикалық қоғамдық бірлестіктердің 250-ге жуық өкілінен АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб құрылды. Альянсқа біріккен саяси ұйымдар – «AMANAT», ҚХП, «Ақ жол», «Ауыл» және «Байтақ» партиялары.

Анығын айтқанда, референдумға дайындық барысында басты салмақ АЭС салуды қолдау жөніндегі осы Халықтық штабқа түскені рас. Қоғам арасында қозғау салып, түрлі форматтағы пікірталастар ұйымдастырған олар еліміздің барлық 17 өңірінде, 3 мегаполисінде жұмыс істеді. Құрылымы бойынша Республикалық және өңірлік штабтар болып бөлінген ынталы топтың үгіт-насихат жұмыстарына барлық деңгейдегі депутаттар, министрліктердің мамандары, тәуелсіз сарапшылар, ел ағалары, партиялардың әйелдер қанаты, жастар қанаты, қоғам белсенділері кәсіпкерлер, жалпы барлық әлеуметтік топ өкілдері атсалысты. Олар бір ай бойы барлық өңірді, алыс аудан, ауылдарды аралап, еңбек ұжымдарымен, жастармен, зиялы қауым өкілдерімен, бұқара жұртшылықпен көптеген пікірталастар, кездесулер, қабылдаулар өткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

АҚОРДА

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің туған күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

ӘЛЕУМЕТ

ҚАЗАНҒА ТҮСЕТІН ЕТ ҚАУІПСІЗ БЕ?

Базардағы етті менсінбей, оны тек дүкеннен алатын қалалықтар өзіне қауіп төнгенін біле бермейді. Базардан басқа барлық сауда орнында сатылатын еттің ветеринарлық бақылаудан өтпейтіні анықталды. Заңда ондай бақылау тек базарларға орнатылған. Мұны растаған салалық комитет ескі тәжірибені өзгертіп, бүкіл сауда нысанына ерекше мемлекеттік бақылау енгізу мәселесін пысықтап жатыр. Реформаның көздегені не?

→ 5

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

БАТЫСТАҒЫ 119 АУЫЛ ҚҰДЫҚТАН СУ ІШІП ОТЫР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «2025 жылдың соңына дейін еліміздің барлық қалалары мен ауылдарының тұрғындары таза ауызсумен қамтамасыз етілсін» деген тапсырмасының БҚО-да орындалуы баяу. Облыста таза ауызсу жетпеген 119 ауыл бар.

→ 7

«АДАЙДЫ» ӘУЕЛЕТКЕН ӘЛІБЕК

Көкше жерінің тумасы 26 жастағы Әлібек Қайырбектің есімі бір-ақ сәтте тұтас Қазнетке танымал болды. Әлемде тұңғыш рет қазақтың қара домбырасының күміс күмбірі мен үні қарт құрлықтың ең биік шыңының төбесінен әуелегені халықтың үлкен құрмет-қошеметіне бөленді.

→ 8

ҚОҚЫСҚА ТОЛҒАН ТӨРЕТАМ

Төретам кенті – Ресей жалдап отырған Байқоңыр қаласымен іргелес қоныстанған елді мекен. Жұлдызды қалашықпен жапсарлас қоныстанған осы ауыл халқы талай жылдан бері ғарыш айлағынан көкке самғаған зымырандардың зардабын өзгелерден бұрын сезініп келеді. Әсіресе, адам ағзасына зардабы зор зиянды қалдықтардан қалай құтыларын білмей, алаңдаушылықпен күн кешіп отыр.

→ 7

САЯСАТ

8 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

РЕФЕРЕНДУМ–2024:
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ӨЗ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

(Басы 1-бетте)

Осы кең ауқымды жұмыстардың барлығы Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов өткізген АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың 4 қыркүйек күнгі алғашқы отырысынан басталды. Мәжіліс Спикері бүгінде энергетикалық тәуелсіздік мәселесі күн тәртібінде алдыңғы орынға шыққанын атап өтті. Қазіргі уақытта Қазақстан электр энергиясының тапшылығын сезінуде және оны көрші елдерден импорттауға мәжбүр. Сондықтан Халықтық штабтың басты міндеті – қоғамға АЭС салудың маңыздылығы мен артықшылықтарын жеткізу, жұрт арасындағы негізсіз үрейді сейілту, мақсаты – халықты атом электр стансасын салу жөніндегі прогрессивті идеяның айналасында топтастыру. Оған қоса, ол партиялар мен Үкіметтік емес ұйымдардың бірлесіп жұмыс істеуде табысты тәжірибесі бар екенін атап өтті.

«Әр халықтың өзінің бір асқақ арманы болады. Біздің арманымыз – өз тәуелсіздігімізді нығайту. Бірақ тәуелсіздік деген сөздің ауқымы кең екенін біз ұмытпауымыз керек. Оның артында саяси тәуелсіздік бар, экономикалық тәуелсіздік бар. Сонымен қатар энергетикалық тәуелсіздік те бар. Бүгінде энергетикалық тәуелсіздік мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Өйткені қазірдің өзінде елімізде энергия тапшылығы айтарлықтай сезілуде. Бізге осы түйіткілдердің бәрін шешуге таза, тұрақты, қауіпсіз, сарқылмас қуаттың көзі керек. Оны АЭС қана бере алады», – деді Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов.

9 қыркүйекте Республикалық Халықтық штаб пен оның өңірлердегі филиалдарына мүше депутаттар мен жастар, кәсіпкерлер мен қоғам белсенділері және тағы да басқалар бір кісідей жұмылып, ақпараттық насихат жұмыстарын бастап кетті. Сол күннен бергі уақытта штаб мүшелері бірнеше топқа бөлініп, барлық өңірлерде болды. Өңірлерге сапар дәл осы күні Түркістан облысынан бастау алған еді.

6 қазан 6 октября РЕФЕРЕНДУМ·2024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ

	Референдумға қатысу құқығы бар ҚР азаматтарының жалпы саны	Дауыс беруге қатысқан азаматтар саны	Сауалдың оң шешімі үшін дауыс бергендер	Сауалдың теріс шешімі үшін дауыс бергендер	Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер	Жарамды деп танылған, бірақ санау кезінде есепке алынбайтын бюллетеньдер
Абай облысы	408 907	283 365	199 413	76 218	4 587	3 147
Ақмола облысы	515 006	367 575	264 431	94 236	5 620	3 288
Ақтөбе облысы	571 433	427 675	298 293	119 291	6 214	3 877
Алматы облысы	996 881	682 971	495 291	174 622	8 529	4 529
Атырау облысы	413 091	260 448	177 346	73 783	5 398	3 921
Батыс Қазақстан облысы	445 544	297 635	187 837	101 796	5 117	2 885
Жамбыл облысы	718 244	438 891	289 117	138 623	7 593	3 558
Жетісу облысы	443 714	300 710	212 844	80 189	4 879	2 798
Қарағанды облысы	764 115	548 952	375 434	161 408	6 971	5 139
Қостанай облысы	543 487	397 914	327 003	58 578	7 922	4 411
Қызылорда облысы	493 634	405 892	317 989	79 988	5 336	2 579
Маңғыстау облысы	436 317	234 640	152 493	72 899	5 119	4 129
Павлодар облысы	507 025	328 512	221 279	96 383	7 561	3 289
Солтүстік Қазақстан облысы	376 481	248 738	178 195	61 366	5 610	3 567
Түркістан облысы	1 183 663	888 415	693 766	178 148	8 766	7 735
Ұлытау облысы	139 070	97 840	78 393	14 608	2 514	2 325
Шығыс Қазақстан облысы	489 410	359 885	271 462	79 053	5 598	3 772
Астана қаласы	911 498	465 776	302 073	150 068	7 967	5 668
Алматы қаласы	1 263 548	318 587	174 184	125 009	12 145	7 249
Шымкент қаласы	663 419	465 783	345 094	109 005	6 821	4 863
БАРЛЫҒЫ	12 284 487	7 820 204	5 561 937	2 045 271	130 267	82 729
		63,66%	71,12%			

Тарихи маңызды кезеңдерде халқымыз қасиетті Түркістан жерін ерекше құрмет тұтқанын еске алсақ, қандай да бір маңызды істі Түркістаннан бастау игі дәстүрге айналды деуге болады. Бұл – киелі жерге деген құрмет қана емес, тарихи сабақтастық. Осылайша, күллі қазақ топырағына сауын айтқан референдумға дайындық жұмыстары жоғары деңгейде өтті.

Халықтық штабтың жұмысы барысында Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев та, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин де жұртшылықпен түрлі форматтағы кездесулер өткізді. Осы бір айдың ішінде Сенат Төрағасы Алматы, Жетісу облыстары, Алматы қаласы және басқа да өңірлерге барса, Мемлекеттік кеңесші Қостанай, Шығыс Қазақстан және тағы да бірнеше облыста болып, кәсіпорын ұжымдарымен, кәсіпкерлермен және жергілікті жұртшылықпен кездесіп, Қазақстанда АЭС салуға қатысты референдум өткізу мәселелерін талқылады.

Альянсқа мүше өзге де саяси ұйымдардың Халықтық штаб жұмысына ерекше үлес қосқанын атай кеткен жөн. Соның бір мысалы, 12 қыркүйек күні «Ақ жол» партиясы Қарағанды облысының Теміртау қаласы мен Бұқар жырау ауданында Президент Жолдауының негізгі бағыттарын, алдағы референдумның мән-маңызын түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Осы күні мемлекетіміз электр қуаты тапшылығын сезініп, оны көршілес елдерден импорттауға мәжбүр болып отыр. Инвестициялық жобалар тоқтап тұр. Себебі жарияланған жобалар бойынша тапшылық көлемі 8ГВт құрайды. Яғни, бұл проблема ертерек шешілуі керек еді. Әлі де кеш емес. Бұл дер кезінде қабылданған шешім», – деді «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев.

Ақпараттық жұмыстар Астана қаласында да қайнап жатты. 16 қыркүйек күні Астана қаласындағы «AMANAT» партиясының Орталық аппаратында орналасқан АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың фронт-кеңсесінде «Ауыл» партиясы өкілдері мен сарапшылардың экспромт-кездесуі өтті. Оның аясында «Қазақстанда атом энергетикасын дамыту» тақырыбында атом саласының әлеуеті талқыланды. Жиын барысында болашақ энергетикалық перспективалар, кадр мәселесі талқыланып, экологиялық таза энергия көздеріне көшудің тиімді тұстары айтылды.

Ал Халықтық штабтың Ұлытау облысына сапарын 17 қыркүйек күні «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек бастап барды. Өнеркәсібі дамыған Ұлытау облысы көптеген экологиялық мәселелерге тап болуда екенін ескерсек, атом энергетикасына көшу ауаның ластану проблемасын шешудің тиімді тәсілі бола алады, өйткені АЭС – көмір электр стансаларына қарағанда әлдеқайда экологиялық тұрғыда таза.

19 қыркүйек күні «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» Астана қаласындағы АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабта сарапшы мамандар мен партия өкілдерінің басын қосқан жиналыс өткізді. Онлайн және оффлайн форматта өткен іс-шарада баяндама жасаған мамандар АЭС туралы кеңінен түсіндіріп өткен болса, байтақтықтар еліміз үшін ірі жобаның экологиялық аспектілеріне назар аудартты.

Бұл тұста бір атай кетер оқиға, 12 қыркүйек күні АЭС салу жөніндегі Халықтық штабтың https://aes2024.kz ресми сайты іске қосылды. Бұл платформада әлемдегі АЭС-тың саны мен халықаралық құрылыс тәжірибесінен бастап, қауіпсіздік стандарттары және жаңа буын реакторларының ерекшеліктеріне дейінгі атом энергетикасының даму тарихымен танысуға болады. Сайт пайдаланушыға барынша ыңғайлы: интерфейсі қарапайым әрі қажетті ақпаратты оңай тауып алатындай етіп жасалған. Құрылымдық жағынан сайт бірнеше бөлімге бөлінген. Екі тілде, яғни қазақ және орыс тілдерінде жасалған бұл ақпараттық ресурс халық пен халықтық штабтың арасын жалғай түскен алтын көпір болды.

Біз көп ретте Республикалық штабтың жұмысына ғана тоқталдық. Ал одан бөлек, өңірлік штабтардың, әрбір партияның, депутаттардың, жекелеген белсенді азаматтардың, сарапшылардың, ұйымдар мен ұжымдардың, жастар мен кәсіпкерлердің одан да өзге көптеген ел болашағына бейжай қарай алмайтын азаматтардың жүргізген үгіт-насихатының рөлі зор болды.

6 ҚАЗАН – ЕЛ БОЛАШАҒЫ АЙҚЫНДАҒАН КҮН

Сонымен, былтырдан бері ел ауызында жүрген АЭС құрылысы бойынша референдум да өтті. Олай дейтініміз, бұл мәселені халық талқысына беретінін Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында айтқан еді. Бұл референдум 2024 жылдың ғана емес, Қазақстан тарихының да ерекше оқиғасы болып қалатыны даусыз. 6 қазанда 7,8 миллионнан астам Қазақстан азаматы ел болашағын айқындайтын тарихи таңдауын жасады. Бұл – дауыс беру құқы бар қазақстандықтардың 63,87%-ы.

Ең бірінші кезекте атап өтер жайт, референдум ың-шыңсыз өтті. Өрескел тәртіп бұзушылықтар болған жоқ. Бұл да болса, ел халқының маңызды мәселені жақсы түсінетінін білдірсе керек. Бүкіл ел аумағында сайлау учаскелері сағат 07:00-ден кешкі сағат 20:00-ге дейін жұмыс істеді. Тек әскери бөлімдер, вахталық кенттер, ауысыммен жұмыс істейтін мекемелердегі учаскелер жұмысын 06:00-да бастады.

Десе де, дауыс берушілердің құлшынысы жоғары болды деп айтуға тағы болмас. Әсіресе, өңірлерге бөліп саралар болсақ, Алматы қаласы мен Маңғыстау обылысының ынтасы бәсең болды. Мұны олардың қатысу үлесінен де аңғаруға болады. Орталық референдум комиссиясының дерегі бойынша, дауыс беруге алматылықтардың 25,39%-ы, маңғыстаулықтардың 54,03%-ы қатысқан. Ал ең белсенді өңір – Қызылорда облысы (82,48%). Бұл республика бойынша рекордты көрсеткіш саналады. Одан кейінгі орындарда Ақтөбе, Түркістан, Қостанай, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстары.

Бұл ретте шетелдегі Қазақстан азаматтарының да белсенді болғанын атай кеткен жөн. Олар елшіліктер жанынан ашылған учаскелерде дауыс берді. 59 елде орналасқан 74 учаскелік референдум комиссиясына барып жалпы саны 9 976 Қазақстан азаматы дауыс берген. Бұл жалпы шетелде жүрген және дауыс беруге құқылы азаматтардың 81.06%-ы. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігі хабарлады.

Елімізде дауыс беру рәсімінің өте тыныш жағдайда өткенін байқаушылар да атап өтті. Олар өз кезегінде халықтың ынта білдіріп, тілектестік танытқанына жоғары баға беріп отыр.

«ТМД байқаушылары миссиясының сұрауы бойынша Орталық сайлау комиссиясы, Жоғарғы сот, Ішкі істер министрлігі және Бас прокуратура референдум науқаны кезінде жолданған өтініштерге қатысты ақпарат берді. Олардың мәліметінше, осы уақыт аралығында заң бұзудың санаулы ғана деректері тіркелген. 24 адам республикалық референдумға қатысты сауалнама жүргізу тәртібін сақтамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қылмыстық істер қозғалған жоқ. Ішкі істер министрлігі референдумға қатысты бір ғана құқық бұзу дерегін, яғни ресми деректерсіз үнпарақтар таратылғанын хабарлады», – деді ТМД байқаушылары миссиясының жетекшісі Леонид Анфимов Орталық сайлау комиссиясында өткен брифингте. Оның айтуынша, ОСК-ға негізінен анықтамалық-ақпараттық сипаттағы 66 өтініш, сауал және ұсыныс келіп түскен. Олар заңда белгіленген мерзімде қаралып, өтініш берген адамдарға тиісті жауаптар берілді.

АЛДА АУҚЫМДЫ ДА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ ТҰР

Сонымен, Қазақстан өзінің тәуелсіздік тарихында жаңа кезеңге қадам басты дедік. АЭС салу бойынша өткен референдумда ел азаматтары болашақ үшін маңызды шешім қабылдады. Экономикалық, экологиялық, әлеуметтік әрі саяси маңызы бар шешімді қабылдау жолында қазақстандықтар оң таңдау жасады. Енді алдымызда атом электр стансасының құрылысын салу сынды ауқымды да маңызды міндет тұр.

«Референдум сәтті өтті. Бұл отандастарымыздың ортақ іске ұйысып, жұмыла кірісе алатынын көрсетті. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық өрлеуді қамтамасыз етуге, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға қысқасы, атом электр стансасын салу экономиканың және онымен байланысты барлық саланың дамуына мультипликативті әсер етеді. Ғылым мен білімнің, технологияның дамуына жол ашады. Жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға ықпал етеді. Дегенмен алда атқарар ауқымды міндет тұр. АЭС құрылысы бір жылдық белес емес. Ол – циклдық кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын ұзақмерзімді жоба. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жоба. Ал оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді. Біз өз тарапымыздан келешек ұрпақтың қамы үшін осы жобаның сәтті іске асуына аянбай үлес қосатын боламыз», – дейді осы істің басқасында жүрген «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС Бас директоры Тимур Жантикин.

Осылайша, Орталық референдум комиссиясы Қазақстанда атом электр стансасын салуға арналған референдумның алдын ала қорытындысын жариялады. Халықтың 71,12%-ы АЭС құрылысын қолдады. Өз кезегінде Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов бұл референдум Қазақстанның саяси мәдениетінің жаңа деңгейге көтерілгенін айғақтайтынын айтты.

«Жаңа саяси жағдайда Тәуелсіздігіміздің 33 жылдық тарихындағы үш референдумның екеуі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен өтті. Сөз жоқ, жаңа саяси мәдениет дәл осылай қалыптасады. Әр азамат қоғам үшін маңызды мәселелерді шешу ісіне тікелей араласып, ел тағдырына өзінің қатысты екенін сезінеді. Бұл – демократияның іс жүзіндегі көрінісі. Референдумның қорытындысы қоғамдағы жалпы көңіл күйдің шынайы бейнесін көрсетеді», – деді Ерлан Жақанұлы.

Сонымен қатар «AMANAT» партиясының Төрағасы АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың барлық мүшелеріне – саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіподақтар мен қауымдастықтардың өкілдеріне игі іске ат салысқандары үшін алғысын білдірді. Түйіндей кетер болсақ, бейбіт атом – сенімді, қауіпсіз, экологиялық таза энергия көзі. Бұл шешім Қазақстанның ғылым, техника, өндіріс және ауыл шаруашылығы сияқты салаларында дамудың жаңа кезеңіне өтуіне мүмкіндік береді. Еліміз қадам басқан ендігі тарихи кезең – АЭС дәуірі болмақ.

Нұрлан ҚОСАЙ

БАҒДАР

ХАЛЫҚ ҚАБЫЛДАҒАН ШЕШІМ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ШЫҒАРАДЫ ДЕП СЕНЕМІЗ

Орталық референдум комиссиясы АЭС салу мәселесіне қатысты республикалық референдумда дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялады. Соған сәйкес референдумға қатысқан азаматтардың 71,12 пайызы аталған мәселені қолдап дауыс бергені белгілі болды. Осылайша, қазақстандықтар өз таңдауын жасап, ел болашағына қатысты стратегиялық шешімді демократиялық жолмен қабылдады.

Бұл оқиға Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан қалыптастыру жолындағы бағдарын халықтың қолдайтынын тағы бір көрсетіп берді.

Сондай-ақ референдум «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында жасалған кезекті нақты қадамдардың бірі екені сөзсіз. Ал оған азаматтардың белсенді қатысуы елімізде жаңа саяси мәдениеттің орнығанын білдіреді.

Жалпы, атом электр стансасы – тұрақты және таза қуат көзі. Бұл энергия тапшылығын азайту және экономикалық даму жолында айрықша маңызға ие. Сондықтан осы референдум және халық қабылдаған шешім елімізді жаңа белеске шығарады деп сенеміз.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат Төрағасы

РЕФЕРЕНДУМ НӘТИЖЕСІ – БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН СЕНІМНІҢ КӨРІНІСІ

Орталық референдум комиссиясы дауыс берудің алдын ала қорытындысын жариялады. Соған сәйкес, сайлаушылардың 71,12%-ы АЭС құрылысын қолдады. Exit poll қорытындысы да осыған жақын нәтиже көрсетті.

Жаңа саяси жағдайда Тәуелсіздігіміздің 33 жылдық тарихындағы үш референдумның екеуі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен өтті. Сөз жоқ, жаңа саяси мәдениет дәл осылай қалыптасады. Әр азамат қоғам үшін маңызды мәселелерді шешу ісіне тікелей араласып, ел тағдырына өзінің қатысты екенін сезінеді. Бұл – демократияның іс жүзіндегі көрінісі.

Депутаттар үнемі өңірлерді аралап жүр. Біз қоғамдық сана өзгеріп, жаңа саяси мәдениет қалыптасып келе жатқанын көріп отырмыз. Тұрғындар кез келген тақырып бойынша өз ұстанымын ашық айтып, оны барлық деңгейде батыл қорғауда. Бұл – Президенттің Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған саяси реформалар бағдарының басты нәтижесі.

Референдум қорытындысы – қоғамдағы көңіл күйдің нақты көрінісі. Халықтық штаб барлық өңірге барып, мыңдаған кездесу өткізді. Соның барысында жалпы қоғам ел болашағы үшін АЭС салудың маңызын түсініп отырғанына көз жеткізді. Олар мұның кілті энергетикалық тәуелсіздік екенін және бұл үшін АЭС салу қажет екенін жақсы түсінеді.

Халық өз таңдауын жасады. Барша қазақстандықты еліміздің жаңа тарихында ерекше орын алатын осы айтулы оқиғамен шын жүректен құттықтаймын.

Халықтық штабтың барлық мүшелеріне – саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіподақтар мен қауымдастықтардың өкілдеріне алғыс айтқым келеді. Сіздер азаматтарымыздың игілігі үшін аса маңызды істер атқардыңыздар!

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс Төрағасы

ПІКІР

Закиржан КУЗИЕВ,
Сенат депутаты:

ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСАРТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Атом электр стансасының құрылысы оның айналасындағы инфрақұрылымды дамытуға ықпал етеді, бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, шағын және орта бизнесті ынталандыруға, сондай-ақ халықтың өмірін жақсартуға әкеледі. АЭС құрылысына жұмыс күші мен мамандарды тарту сауда, қоғамдық тамақтану, көлік, тұрғын үй құрылысы және басқа да салалардың дамуына ықпал ететін болады. Бұл Алматы облысы үшін орасан зор мультипликативтік әсер береді.

Облыстың электр энергияны тұтыну көрсеткіші жыл сайын артып келеді. Алматы облысы жылда шамамен 600 МВт электр қуатын тұтынады. Оның жартысы өзінде өндірілсе, қалғанын сырттан сатып алады. Енді 15 жылда бұл көрсеткіш үш есеге артуы мүмкін. Қонаев, Алатау қалалары салынса, тек Алатау қаласына 180-200 МВт электр қуаты қажет болады. Сондай-ақ өңірде 4 жаңа индустриялық аймақ салу жоспарланған.

Exit poll бойынша халықтың 70 пайызға жуығы «иә» деп дауыс беріпті. Ал «AMANAT» партиясының Қоғамдық саяси институты халықтың 72,3 пайызы АЭС құрылысын қолдады дейді. Бұл сауалнамаға 300-ден астам сайлау бөлімшесіндегі 44 мыңнан астам дауыс беруші қатысқан. Көп жағдайда ресми хаттама мен Exit poll нәтижесі сәйкес келіп жатады. Сондықтан орталық сайлау комиссиясының ресми дерегін күту ғана қалды.

Энергетиктер 2029 жылдан бастап электр қуатының тапшылығы сезіле бастайды деген еді. Бұл кезде Қазақстанда АЭС-тің тек фундаментін құйып жатамыз. Оның жобалық сметасын жасауға 5 жыл керек екен. Ал толық аяқтауға кемінде 15 жыл қажет. Сондықтан бүгінгі шешімнің нәтижесін тек 2040 жылға қарай көре бастаймыз. «АЭС тақырыбы бүгінмен біткен жоқ», – дейді мамандар.

Максим РОЖИН,
Мәжіліс депутаты:

ХАЛЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ ШТАБЫ ЖҮРГІЗГЕН ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ ДЕП БІЛЕМІН

Референдум бойынша алғашқы Exit poll нәтижелері шықты. «AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институты жүргізген сауалнама бойынша дауыс бергендердің 72,3%-ы «иә» десе, 27,7%-ы «жоқ» деп дауыс берген. Ал Еуразиялық интеграция институтының зерттеуі бойынша сауалнамаға қатысқандардың 71,8%-ы «иә», 28,2%-ы «жоқ» деп дауыс берген. Бұл тек сауалнамалар нәтижелері, алдағы уақытта Орталық сайлау комиссиясының соңғы нәтижелері жарияланады, бірақ осы Exit poll, нәтижелеріне қарасақ, сайлаушылардың төрттен үш бөлігі АЭС мәселесіне қатысты қолдау білдірді.

Халықтық қолдау штабы жүргізген жұмыс нәтижесі деп білемін. Өзім сол штабтың мүшесі ретінде Жанарбек Әшімжан ағамен бірге Алматы облысын түгел аралап келдім. Жерде азаматтармен көп кездесу өткіздік, әрине жұртшылықта АЭС мәселесіне қатысты уайым бар болғанымен, оның басым бөлігі ақпараттың жоқтығынан екенін байқадым. Халыққа өзекті ақпаратты жеткізу мамандар тарапынан аз болды деп ойлаймын.

Азаматтар қойылған сұрақтарға жауапты Халықтық қолдау штабы мүшелерінен алды, сонымен бірге өзекті ақпараттың жоқтығына көп налыды. Осы тұрғыдан Халықтық штаб мүшелері аумақта жүргізген жұмыс барысында, халықты алаңдататын сұрақтарға жауап бергені сөзсіз осы референдумның өтуіне орасан еңбегін атқарды.

Ерболат САУРЫҚОВ,
Мәжіліс депутаты:

ПРЕЗИДЕНТ БАСТАМАСЫНА ХАЛЫҚТЫҢ 70 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫ ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

АЭС құрылысына қатысты өткізілген референдумның Exit poll нәтижелері жарияланғаны мәлім. Мәліметтерге сүйенсек, Президент бастамасына халықтың 70%-ға жуығы қолдау білдірген. Осы орайда аз ғана уақыт ішінде Халықтық штаб құрылып, үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізіп, жан-жақты жұмыс істегенін айтқым келеді.

Референдум соңғы айлардағы барлық ақпараттық өрістегі негізгі талқылау тақырыбы болды десек жаңылмаймыз. Халықпен жүздесу, тілдесу сынды жүйелі жұмыстарымыз өз нәтижесін берді.

Өзіміз күткендей ең үлкен қолдауды, энергия тапшылығы мәселесі ең өзекті болып табылатын оңтүстік өңірлер көрсетті. Сондай-ақ оңтүстік аймақтар халық ең көп шоғырланған өңір болған соң, бұл сәйкесінше қорытынды нәтижеге күшті серпін берді.

Үгіт-насихат жұмыстары барысында қарсылық танытқандар да болды. Олардың дәлелдерінің негізгі бөлігі АЭС қауіпсіздігі мен экологиялық зиян туралы ескі әңгімелерге негізделген. Наукан барысында олардың көпшілігі дәлелді түрде жоққа шығарылғанын ескере кетейін.

Сайлаушылардың орталық комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров брифингте таңғы сағат 08:00-де еліміздің барлық облысы мен шетелдегі 10 323 сайлау учаскесінде дауыстар саналғанын айтты. Референдумда дауыс беруге құқығы бар 12 284 487 адамның 7 820 204 адам немесе 63,66% дауыс берді.

Дауыс беруге қатысқандардың 71,12%-ы, яғни 5 561 937 адам жақтап дауыс берді. 2 045 271 адам қарсы дауыс берді. Екі жауап нұсқасын да 82 722 адам таңдады, олар дауыстарды санау кезінде ескерілмеді. Сайлаушылардың еркін анықтау мүмкін болмаған бюллетеньдердің саны 130 267 болды. Жалпы, сауалнама 250 учаскені қамтыса, оның 159-ы қалаларда, 91-і ауылдарда болды.

Алтай ДҮЙСЕКЕЕВ,
Мемлекеттік саясат институтының әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімінің меңгерушісі:

РЕФЕРЕНДУМҒА БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСУ – ЖАУАПКЕРШІЛІК

Көптен күткен референдумда мен де өз таңдауымды жасадым. Сайлауға қатысты бірнеше тармақты атап өткім келеді. Біріншіден, сайлау учаскелерінде дауыс беру де жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Сізді есік алдында қарсы алудан ақпараттық бюллетеньді алуға дейінгі әрбір қадам ойластырылған. Бұл барлық азамат үшін қолайлы және ашық дауыс беруді қамтамасыз етеді. Екіншіден, азаматтардың қандай болса да таңдау жасауға деген қызығушылығы жоғары. Адамдарда өмірді өзгертетін мәселелерді шешуге қатысу әдеті қалыптасады.

Референдумға қатысты бөлек айтарым, бұл азаматтардың өз елінің саяси және экономикалық өміріне ықпал етуінің негізгі тәсілдерінің бірі деп айтар едім. Бұл биліктің халық алдында есеп беретінін және олардың пікіріне шынымен құлақ асатынын көрсетеді. Азаматтарға мемлекеттік басқаруға тікелей қатысу құқығы берілген, ал референдум – бұл жай ғана формальдылық емес, демократияның маңызды құралы, ол әрбір азаматтың қолында болуға тиіс.

Бауыржан МҰҚАН,
«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ директоры:

АЭС-тің ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ БАР

Елімізде АЭС-тің құрылысына қатысты саяси науқан референдум өтті. Референдумның әлеуметтік экономикалық-саяси маңызы өте зор. Себебі АЭС-тің жалпы экономиканың дамуына белгілі бір деңгейде өзінің әсерін, септігін тигізеді. Мысалға, 2023 жылы 115 миллиард киловатт сағат электр энергиясы тұтынылған болса, соның 3-4 пайызы импортталған болып есептелінеді. Әрине, бір ғана стансаны тұтынуды қамтамасыз етуге оның қуаттылығы жете қоймайды. Бұл дегеніміз – АЭС-тің әрмен қарай дамуына белгілі бір деңгейдегі алғашқы қадам деп есептеуіміз керек. Қазақстан Республикасының уран кен орындары 778 мың тоннаға жуық көлемде бағаланып отыр. Соның ішінде үлкен шоғырланған жеті кен орны Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Одан кейін Солтүстік Қазақстанда – 4, Қызылорда облысында – 3, Алматы облысында – 2, Маңғыстау мен Ақмола облыстарында біреуден бар. Сәйкесінше, барлығы осы уран кен орнын әрі қарай дамытуға қатысты инвестицияның шоғырлануына, тартылуына белгілі бір деңгейде әсерін тигізеді. Ең басты мәселе – осы сала бойынша жаңа мамандардың IT, ядролық физика, атом энергетикасына тікелей қатысты болуында. Білім және ғылым саласының қарқынды дамуына оңды әсерін тигізеді деген үміт бар.

Жақсыбек АҚТІЛЕУҰЛЫ,
Қазақстандық қоғамдық даму институтының сарапшысы:

БҰЛ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІРІ ЖОБАЛАРДЫҢ БІРІ

Референдум – демократиялық бағыттың негізгі құралдарының бірі. Елімізде соңғы болып жатқан реформаларды халқымыз біліп, саяси белсенділігі жоғарылап жатыр. Бұл жерде маңызды өзгерістерге халықтың үлесі, ойы ескерілуі керек деп ойлаймын. Әрине, АЭС мәселесі – бұл Қазақстанда болып жатқан екінші үлкен жоба. Атап өтсек, бірінші үлкен жоба – Астанамызды көшіруге байланысты қабылданған шешім болса, екінші кезекте АЭС мәселесі болып отыр. Кеше еліміздегі бірнеше зерттеу институты әлеуметтік сауалнама жүргізген. Соның нәтижесі бойынша сарапшылардың айтқаны дәл келіп отыр. 70 пайыз көлемінде халық қолдап отыр деген көрсеткіш тіркелді. Жалпы, қоғам бұл жобаның елге тигізетін маңыздылығын, экономикалық әсерін осылай бағалап отыр деп пайымдаймын. Оған дейін, әрине бір жылдың көлемінде еліміздің әр өңірінде ашық талқылаулар болды. Бұл талқылаулар өте маңызды, өйткені АЭС-тің қауіпсіздігі, экономикалық тиімділігі одан кейін еліміздің энергия тапшылығы сынды мәселелері қозғалды.

Сонымен қатар осындай маңызды шешімдерді, реформаларды іске асыруда мемлекет халықпен бірге кеңесуші құрал ретінде референдумды қолданғаны дұрыс шешімдердің бірі деп ойлаймын. Бұл кәдімгі саяси мәдениетті қалыптастырып, халықтың белсенділігін арттырады.

АҚПАРАТ

8 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 10 қазан күні өтетін палата отырысының күн тәртібін бекітті және Сенаттың іс-шаралар жоспарын іске асыру аясындағы міндеттерді талқылады.

Сенат Төрағасы өз сөзінде елімізде өткен АЭС салу мәселесіне қатысты республикалық референдумның қорытындысына тоқталып өтті.

Мәулен Әшімбаев референдумға қазақстандықтардың белсенді қатысқанын тілге тиек етіп, бұл азаматтардың Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстан қалыптастыру жолындағы барлық бастамасын қолдайтынын тағы да бір көрсетіп бергенін айтты. Сондай-ақ ол ел Президентінің референдум өткізу туралы шешімі мемлекеттің болашағы үшін аса маңызды қадам екеніне назар аударды.

Сонымен қатар бюро отырысында 8-9 қазан күндері Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының XXII отырысы мен I Жас діни лидерлердің форумына дайындық барысы пысықталды. Аталған іс-шараларға 19 елден келген 30 делегация өкілдері қатысады.

Бюро мүшелері осы аптада өтетін палата отырысының да күн тәртібін талқылады. Өткен аптада Мемлекет басшысының Жарлығымен Марат Қожаев Сенат депутаты болып тағайындалған еді. Осыған байланысты жалпы отырыста ант беру, тұрақты комитетке мүше етіп сайлау сияқты ұйымдастыру мәселелері қаралады.

Бұдан басқа, Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар мемлекетінің Үкіметі арасындағы басым салалардағы жобаларды дамыту үшін ұзақмерзімді стратегиялық әріптестік орнату туралы келісімді ратификациялау туралы» заң шығарылды.

Аталған заң нормалары екі елдің телекоммуникация, энергетика, мұнай-химия және басқа да салалардағы бірлескен жобаларын іске асыруға, сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға арналған.

Сондай-ақ бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты Комитеттерге бөлініп берілді.

АСТЫҚ ЭКСПОРТЫ АРТАДЫ

Үкіметте вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен егін жинау науқаны бойынша жедел штабта экспортқа астық жеткізуді ұлғайту мүмкіндіктері қаралды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарушы директоры Бауыржан Орынбасаров биылғы 9 айда қазақстандық астық пен ұнды теміржолмен жеткізудің негізгі нарықтарын таныстырды. Астықты тиеп жөнелтудің жалпы көлемі 6,6 млн тоннаны құраса (былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 21%-ға аз), тартылған өнімдерді тасымалдау көлемі пропорционалды түрде өскен – 2,7 млн тонна (2023 жылдың 9 айымен салыстырғанда 21%-ға артық). 6,6 млн тонна астықтың 5 млн тоннасы экспортқа жіберілді, тек қыркүйекте ғана 900 мың тонна жөнелтілді. Тартылған өнімдердің экспорты 2,1 млн тоннаны құрады, оның ішінде – 310 мың тонна қыркүйек айына тиесілі.

«Қазақстанның астығы жеткізілетін негізгі елдер – Орталық Азия (2,9 млн тонна), Қытай (1,3 млн тонна), Ауғанстан (127 мың тонна), бұл биылғы 9 ай ішіндегі көлем. Салыстырмалы түрдегі тыныштықтан кейін Иранға 211 мың тонна астық жеткізу қайта жанданды, оның 140 мың тоннасы қыркүйек айына тиесілі. Басқа елдерге – Италияға, Түркияға және Ресейге 423 мың тонна жөнелтілді. Негізгі елдерге қаңтар-қыркүйек айларында 495 мың тонна – Орталық Азияға, 639 мың тонна – Қытайға, 666 мың тонна – Ауғанстанға жөнелтілді», – деп хабарлады Бауыржан Орынбасаров.

Вице-премьердің айтуынша, біздің алдымызда биыл Қытайға 2 млн тонна астық жеткізу міндеті тұр, біз оның көлемін 3 млн тоннаға дейін арттыра аламыз.

«Сондай-ақ Ауғанстанға ұн жеткізуді ұлғайту қажет. Жаңа келісімшарттар мен логистика Алматыда өтетін Қазақстан–Ауғанстан бизнес-форумының басты мәселелерінің бірі болуға тиіс», – деді жедел штаб отырысының қорытындысында Серік Жұманғарин.

7 қазандағы жағдай бойынша Қазақстанда дәнді дақылдардың барлық алқабының 94%-ы, картоптың 90,5%-ы, көкөністердің 84,6%-ы, майлы дақылдардың 30%-ы, қант қызылшасының 23%-ы жиналды. Егін жинау науқаны басталғалы элеваторларға 4,4 млн тонна астық түсті.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде елімізде АЭС салу туралы республикалық референдумның алдын ала қорытындыларын сараптамалық талқылау өтті.

Іс-шараға Орталық Азиядағы new Nuclear Watch Institute консультациялық кеңесінің төрағасы Бауыржан Ибраев, «AMANAT» партиясының Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қуаныш Төлепов, сондай-ақ атом ғылымы саласындағы жетекші сарапшылар, профессор-оқытушылар құрамы және Студент жастардың өкілдері қатысты.

Кездесуде Орталық сайлау комиссиясы жариялаған референдумның алдын ала қорытындылары талқыланды. Мәліметтерге сәйкес, азаматтардың 71,12 пайызы немесе 5 миллион 561 мың 937 адам атом электр стансасының құрылысын қолдады.

«Атом электр стансасын салу туралы референдум еліміздің энергетикалық тәуелсіздігі мен орнықты дамуы жолындағы маңызды қадам болды. Бүгінде азаматтардың 70 пайыздан астамы жобаға қолдау білдірген кезде, біздің алдымызда құрылысты бастау ғана емес, болашақта осы күрделі, бірақ қажетті инфрақұрылымды басқаратын жас мамандарды даярлау міндеті тұр. Жастар – Қазақстанның атом энергетикасының болашағы, ал университеттер осы салада жұмыс істеу үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады», – деп атап өтті «Қазақстанның ядролық қоғамы» қауымдастығына қарасты атом ғылымы, энергетика және өнеркәсіп ардагерлері кеңесінің төрағасы Бауыржан Ибраев.

Энергетика және жасыл технологиялар институтының директоры Айнұр Бегімбетова кадрлық әлеуеттің маңыздылығын атап өтті:

«АЭС пайдалануға берілген кезде жастар дайындалуы керек. Бүгінде атом ғылымы саласындағы мамандарды оқытуға ресурстарды инвестициялау қажет, бұл біздің ғылыми базамыздың дамуына оң әсер етеді. Ол үшін арнайы бағдарламаны әзірлеу қажет. Сондай-ақ студенттерді атом энергетикасы саласы белсенді дамып келе жатқан Оңтүстік Корея сияқты елдерге жіберу мүмкіндігі болуы керек. Онда жас мамандар озық технологиялармен танысады, содан кейін оларды бізге енгізеді».

Талқылау барысында референдум өткізу Қазақстандағы саяси мәдениет пен азаматтық қоғамның дамуындағы маңызды кезең болғандығы атап өтілді. Азаматтардың осы дауыс беруге қатысуы қазақстандықтардың өз елінің болашағы үшін зейіні мен жауапкершілігінің жоғары дәрежесін айғақтайды.

«АЭС құрылысы бойынша референдум Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағытын жүзеге асырудағы маңызды қадам болды. Бұл дауыс беру еліміздің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаттарына адалдығын көрсетеді. Азаматтардың референдумға белсенді қатысуы олардың негізгі мемлекеттік шешімдерге ықпал етуге дайын екенін көрсетеді және демократиялық институттарды нығайту жолындағы маңызды қадам болып саналады. Бұл процесс халықтың саяси белсенділігін дамытуға және азаматтық жауапкершілік деңгейін арттыруға ықпал етеді», – деп атап өтті «AMANAT» партиясы Алматы филиалы төрағасының орынбасары Қуаныш Төлепов.

АУҚЫМДЫ ЭКОАКЦИЯ БАСТАЛДЫ

АЭС салуды қолдау бойынша Халықтық штабтың белсенділері АЭС құрылысын қолдау науқаны аясында жапсырылған үгіт баспа материалдарын жинау бойынша ауқымды акцияны бастады.

Бір ай ішінде бүкіл ел бойынша Халықтық штаб еріктілері шамамен 1,5 миллион плакат жапсырған болатын. Енді қалалар мен елді мекендерді тазартатын уақыт та келіп жетті. Үгіт плакаттарын тазалау акциясы «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» ауқымды акциясы аясында өтуде.

«Біздің еріктілер ақпараттық науқанға белсене қатысып қана қоймай, қазір де дәл осындай ыждаһаттылықпен қалалардың тазалығына қамқорлық жасауда. Біз бұл акцияны елдегі экологиялық жағдайды жақсартып қана қоймай, қоғамда тазалық пен жауапкершілік мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасымен ұштастырамыз. Бүгінде осылайша қалаларымыз бен ауылдарымызда экологиялық тепе-теңдікті сақтауға өз үлесімізді қосудамыз», – деді «Жастар Рухы» төрағасы Ақерке Искандерова.

Биылғы маусымнан бастап еріктілер 80-нен астам су нысанын, соның ішінде өзен-көлдер мен жағалау аймақтарын тазартты. Жалпы, бүкіл ел бойынша акцияда 7 мың тоннадан астам қоқыс жиналып, 50 мыңға жуық адам қатысты.

Айта кетейік, үгіт материалдарын жинау бастамасы жастардың қоғамдық жобаларды қолдауға деген ұмтылысын, олардың Қазақстанда экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы белсенді рөлін көрсетеді.

Базардағы етті менсінбей, оны тек дүкеннен алатын қалалықтар өзіне қауіп төнгенін біле бермейді. Базардан басқа барлық сауда орнында сатылатын еттің ветеринарлық бақылаудан өтпейтіні анықталды. Заңда ондай бақылау тек базарларға орнатылған. Мұны растаған салалық комитет ескі тәжірибені өзгертіп, бүкіл сауда нысанына ерекше мемлекеттік бақылау енгізу мәселесін пысықтап жатыр. Реформаның көздегені не?

ҚАЗАНҒА ТҮСЕТІН ЕТ ҚАУІПСІЗ БЕ?

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Айхан ШӘРІП

ҚАҒИДА БАР, ТАЛАП ЖОҚ

Кейде заңдар өмірдегі өзгерістерден кешігіп жүреді. 90-шы жылдардан қалыптасқан бұрынғы тәжірибе бойынша дүкендер желісі, мейрамханалар етті негізінен базардан алғызатын. Сондықтан заңнама аясында базарлардағы ет саудасына ветеринарлық бақылау орнатылды. Алайда содан бері гипермаркеттер, қоғамдық тамақтандыру орындары «фермадан дастарқанға дейін» қағидатына көшіп алды. Ол бойынша аталған бизнес нысандарының қожайындары шаруа қожалықтарымен, бордақылау алаңдарымен өзара келісімге келіп, олардан етті тікелей ала бастады.

Бұл бізге Батыстан келген «ойын ережесі» болатын, оны Үкіметтің өзі елге таратты. Еуроодақ мұны «Фермадан шанышқыға дейін» (Farm to Fork Strategy) стратегиясы деп атайды. Ол осы арқылы басы артық делдалдарды жойып, азық-түлік қауіпсіздігін нығайтты. «Орнықты өнім» қағидаты күшейтілді, ет пен ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің экологиялық қауіпсіз тәсілдері енгізілді.

Қазақстан Батыстың осы үлгісін қабылдағанымен, сол сияқты заңнаманы өмір шындығына сай келтірмеді. Бұл Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің тұжырымдауынша, елдегі мал шаруашылығы өнімдерінің қадағалануын нашарлатты, жануарлардан алынатын азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін төмендетті.

–Ветеринарлық-санитарлық бақылау болмаса, агониялы жағдайда өлтірілген жануарлардың еті сатылуы мүмкін. Сондай-ақ бақылаудан тыс қалған еттерде гормондар мен антибиотиктердің мөлшері асып кетуі ықтимал. Бұл халықтың денсаулығына жасырын түрде зиян келтіруге соқтырады. Бақылаусыздықтың залалы зор. Ауыл шаруашылығы министрлігі мал мен адамға ортақ ауру – бруцеллезді ерте анықтау үшін жыл сайын диагностикалық зерттеулер жүргізеді. Қорытындысында, орта есеппен 19 мыңнан астам ауру мал анықталып, олар санитарлық союға жіберілді, – деп түсіндірді комитет сарапшылары.

Соған қарамастан, Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің мәліметінше, соңғы 3 жылда республикада бруцеллезді 1 459 адам жұқтырған. 2021 жылы – 448, 2022 жылы – 681, 2023 жылы – 330 адам. Олар ауру жануарлардан алынған өнімдер кесірінен осы қауіпті індетке шалдыққан. Кейінгі 3 жылда республика бойынша күйдіргі («Сібір жарасын») жұқтырған 52 адам анықталды. 2021 жылы – 27, 2022 жылы – 20, 2023 жылы – 5. Індет ошақтары ветеринария мамандарына еш ескертпестен мал сою, оның еті мен өзге өнімін сату, ветеринариялық құжаттарды, ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелерін алмау салдарынан туындапты.

БІР СӨЗДІ ӨЗГЕРТУГЕ ЗАР БОЛДЫ

АШМ комитеті мамандарының айтуынша, жағдайды түзету үшін заңнамадағы бір сөзді түзетсе, жетеді. Қолданыстағы «Ветеринария туралы» заңының 14-1-бабының 5-бөліміне сәйкес: «мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау тірі жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізетін сауда базарларында күн сайын жүзеге асырылады».

Мұндағы «сауда базарларында» деп шектеген сөзді «сауда объектілерінде» деген кең ұғыммен ауыстыру ұсынылып отыр. Осы мақсатта АШМ «Кейбір заңнамалық актілерге ветеринария мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасы әзірленді. Бірақ осы бір сөзді алмастыру оңайға соқпайды. Себебі біріншіден, Кәсіпкерлік кодекске де өзгеріс енгізу талап етілетіндіктен, бұған «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтардың келісімін алу қажет. Екіншіден, жаңа мемлекеттік бақылау бүкіл бөлшек сауда нысандарын қамтитындықтан, олардың лоббиін, қарсылығын еңсеру күрделі болмақ.

Республикада ет сататын барлығы 304 сауда базары бар, олар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаумен және қадағалаумен қамтылған. Жаңа заң жобасында енді оны тіркелген 9 402 сауда объектісіне: сауда желілеріне, гипермаркеттерге, қасапханаларға, дүкендерге, мамандандырылған дүкендерге, дүңгіршектерге дейін тарату ұсынылған. Соның ішінде 122-сі ірі кәсіпкерлік, 767-сы орта кәсіпкерлік, 8 513-і шағын кәсіпкерлік субъектілері саналады.

Сарапшылар мұны жасамай болмайды деп табандады. Мысалы, Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық құжаттарды беруге мамандандырылған «Е-Аграрлық» бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесінің («БАБЖ» АЖ) дерегіне сәйкес, 2023 жылы Қазақстанда 1,8 миллион тонна ет өндірілген. Осынша ет тексеріліп, сату үшін ветеринарлық құжаттары берілді. Ал Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2023 жылы елімізде мал сою нәтижесінде шынында жалпы көлемі 4,1 млн тонна ет өндірілді. Осыдан-ақ еттің басым бөлігі ветеринарлық-санитарлық бақылаусыз қалғанын аңғаруға болады.

Жасыратыны жоқ, ветеринарлар арасында да жемқорлық жайылған, олардың қорытындысы да кейде жалған болып шығады, әйткенмен, осы бақылау арқасында тұтынуға жарамсыз, тіпті қауіпті ет өнімдері табылып, тосқауыл қойылып келеді. Елдегі ет саудалайтын барлық 304 базарды күнделікті ветеринариялық-санитариялық бақылау нәтижесінде 2023 жылы эхинококкозы бар етті сатуға талаптанудың – 2 814 дерегі, трихиноздың – 2, цистицеркоздың – 6, фасциолеллездің – 393, дикроцеллиоздың – 280 дерегі және 392 басқа да қауіпсіздік шарасын бұзушылықтар тіркелді. Базардан өзге сауда орындарында бақылау жоқтықтан, мұндай дертке толы өнімдер тұтынушысына өткізіліп, дастарқаннан бір-ақ шықпасына еш кепіл жоқ.

Полициямен бірге жүргізілген рейд барысында Шымкентте сауда желісіне 35 тонна үйрек етінің, Ақтөбе облысында 1,8 тонна сиыр етінің ветеринарлық тексеріссіз сатылғаны әшкереленді. Оларды тексере келе, құзырлы органдар оның бәрін тәркілеп, жою туралы шешім қабылдады.

Кейбір жан: «Етті дүкеннен алған азаматтардың жаппай уланғаны туралы естіметтін» дер. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің сарапшылары улану бірден байқала бермейтінін, салдарынан біраз уақыттан соң дертке шалдыққан азаматтар инфекцияны қайдан жұқтырғанын білмей қалатынын ескертті.

Ақпарат құралдары жарияламағанымен, жаппай шағымдар да бар. Биылдың өзінде базарларға қатысы жоқ бөлшек сауда орындарында ветеринарлық талаптарға сай келмейтін өнімдерді өткізуге қатысты 35 шағым түскен. Бұқараның шағымы негізінде 2024 жылы ветеринарлық құжаттары жоқ етті саудалаудың – 19, сәйкес келмейтін өнімді өткізудің – 7, паразиттермен ластанған өнімді сатудың – 4, тұрғындардың жаппай улануының – 3 дерегі тіркелді.

ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАРАЙ ҮШ ҚАДАМ

Қолданыстағы «Ветеринария туралы» заңға сәйкес, әрі қарай сату үшін ауыл шаруашылығы жануарларын сою тек сою объектілерінде және міндетті түрде ветеринарлық-санитарлық сараптамадан өткеннен соң жүзеге асырылуға тиіс. Бұл талаптар сақталмаса, саудаға шығаруға тыйым салынады. Алайда сойылған еттің көпшілігі бақылаусыз қалды. Біраз жыл ветеринариялық-санитариялық инспектор болып қызмет атқарған Қайрат Сағыновтың айтуынша, заңның жетілмеуі салдарынан саланы былық жайлады.

–Дүкенге барғанда, кәсіби әдетпен ет сөресіне назарым ауады. Алмайтын болсам да: «Ветеринариялық құжаттары бар ма?» деп сұраймын. Өздеріне қатысты ондай талаптың жоқтығын білетін сатушылар еш жауап қатпай, бажырайып бір қарайды да, теріс айналады. Мұндай масқараға тоспа қоймай болмайды. Тексерістер кезінде кейінгі жылдары сиыр, қой, жылқы еті деп киіктің, иттің, есектің етін сатқан деректер әшкереленді. Мен өзім етті ірі базарлардан алуға тырысамын, сүйек-саяғын тықпаласа да, – дейді сарапшы.

Мамандар халық арасында бруцеллез, күйдіргі, паразиттік аурулар бойынша эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауының бір себебін де осы бақылаусыздықтан көреді.

Жаңа заң жобасының қашан өмірге жолдама алатыны Парламентке байланысты. Оған дейін Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті «фермадан дастарқанға дейін» тікелей жететін ауыл шаруашылығы өнімдерін қадағалап, бақылаудың ілкі жобасын қолға алды. Бүгінде республика бойынша мал сою объектілері мен ішкі сауда нысандарында «Ветеринариялық-санитариялық сараптама» (ВСС) модулінің пилоттық жобасы жүзеге асырыла бастады.

Қостанай облысының Кәсіпкерлер палатасының директоры Данияр Күзенбаевтың түсіндіруінше, мысалы, осы облыста 41 мал сою объектісі бар. Соның ішінде әзірге 6 ет өңдеуші кәсіпорын ВСС модуліне қосылды. Бұл өнімдерді фермадан дастарқанға дейін қадағалауды қамтамасыз етеді. Ветсансараптама актісіндегі арнайы QR код арқылы кез келген тұтынушы еттің құжаттарын сұрап жатпай-ақ оның қандай малдан алынғаны туралы барлық ақпаратты біле алады.

Комитет өнімді қадағалау жүйесі барлық сауда орнында қолданылатынын жеткізді. «ВСС» модулі бойынша сойылған мал еті ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткеннен кейін оған төл QR коды беріледі. Осы арқылы ауыл шаруашылығы жануарларының етіне сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру бойынша бизнес-процестер автоматтандырылады. Модульді енгізудің негізгі мақсаты – алдын ала ветеринариялық тексерусіз және союдан кейінгі ветеринариялық-санитариялық сараптаусыз малды союға, сондай-ақ олардың ұшасы мен етін сатуға жол бермеу.

Парламент жаңа заң жобасын құптаса, онда барлық сауда объектісіндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау келесі іс-шараларды қамтиды: біріншіден, тасымалданатын өнімдердің ілеспе ветеринарлық құжаттарға сәйкестігін тексеру тәжірибесі енгізіледі. Екіншіден, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттар тегіс дерлік ветеринарлық тексеруден өткізіледі. Үшіншіден, жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы заңнама талаптарын сақтауы тексеріледі. Төртіншіден, заңнамаға сәйкес жануарлар мен адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін өнімдер мен шикізат, соның ішінде ет тәркіленіп, жойылады.

Сауда объектілерін мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде аталған талаптар цифрлық форматқа көшірілетін болады. Оның алгоритмі келесідей: бірінші қадам: «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесіндегі «Етті ветеринариялық-санитариялық сараптау» («ВСС») модуліне мал шаруашылығы шикізатын, етті сатумен айналысатын сауда объектілері қосылады.

Екінші қадам: егер ет өнімдері ет комбинатынан немесе мал сою орнынан тікелей сауда орындарына жөнелтілсе, ВСС модулінде өнімнің қайда жеткізілгені туралы адресті жазба көрініс табады.

> **Жасыратыны жоқ, ветеринарлар арасында да жемқорлық жайылған, олардың қорытындысы да кейде жалған болып шығады, әйткенмен, осы бақылау арқасында тұтынуға жарамсыз, тіпті қауіпті ет өнімдері табылып, тосқауыл қойылып келеді.**

Мысалы: «Ақмола облысының Бұланды ауданындағы мал сою алаңында сойылып, Астанадағы «ФерМаг» ЖШС азық-түлік дүкеніне жөнелтілді».

Үшінші қадам: арнайы бұйрық бойынша елдегі әрбір сауда объектісі әрбір мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың атына бекітіледі, ол соған басымен жауапты болады. Бірақ бұл оның сол сауда орнынан шықпайтынын білдірмейді. Инспектор қашықтан, ВСС модулі арқылы тұрақты мониторинг жүргізеді. Сауда объектісіне – ет дүкеніне мал өнімдері түскен кезде ғана оған барып, жеткізілген өнімнің ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкестігін сол жерде тез тексереді. Яғни, мемлекеттік инспектор ВСС модулі арқылы тұрақты камералды бақылауды жүзеге асырады.

«Сен «ет» демегін, мен «кет» демейін!» деп, бөлшек сауда алпауыттары ондаған жыл бойы өз сауда орындарының желілеріне бақылаушы инспекторларды жолатпай келді. Оның соңы жақсылыққа апармауы, ұлттың саулығына жойқын соққы беруі мүмкін. Сондықтан мамандардың пікірінше, базармен тұйықтамай, барлық сауда объектісінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асырудың ерекше тәртібін енгізу – ет сапасы мен қауіпсіздігін бақылау процесін күшейтуге, ВСС модулі арқылы барлық кезеңде өнімдерді қадағалауға жол ашады.

ҰЛЫТАУЛЫҚ ҰСТАЗДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Мамандықтың асылы – Ұстаздар күнінде Ұлытау облысының бірқатар мұғалімі марапатталып, үздік ұжымдар қаржылай сертификаттарға ие болды. Кәсіби мерекеге орай ұйымдастырылған салтанатты жиында облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы, облыстық мәслихаттың төрағасы Бауыржан Шыңғысов мектептің жаны – мұғалімдерді мерекемен құттықтап, еңбектеріне табыс тіледі.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Ұлытау облысы

– Облысымызда балаларға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, білім беру нысандарын модернизациялау, материалдық-техникалық базаны жетілдіру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты маңызды бағыттар бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

Биыл 300 млн теңгеге 25 білім беру нысанында (2 балабақша, 22 мектеп, 1 колледж) жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Екі жылда балаларды тасымалдауға 20 автобус сатып алынды. Интернет желісіне жоғары жылдамдықпен қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін облысымыздың 43 мектебіне Starlink ғаламдық спутниктік жүйесі қосылды. Мұғалімдер күні – жылулықтың, мейірімнің, ұлағат пен өнегенің мерекесі. Бұл күнді барлық адам ерекше қуанышпен, ерекше құрметпен атап өтеді. Себебі барлық адамның ұстазы бар.

Қадірлі педагогтер, еліміздің өсіп-өркендеуіне қосып жүрген өлшеусіз үлестеріңіз үшін алғыс білдіремін. Ардагерлер ұстаздардың мемлекет игілігі үшін, келешек ұрпақ үшін жасаған ауқымды істеріне бүгінгі ұрпақ өкілі ретінде ризашылығым шексіз.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек, – деді облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы.

Салтанатты кеште облыстың бірқатар ұстазы «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, «Еңбек ардагері» медалімен, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Құрмет грамотасымен», Ұлытау облысының «Құрмет грамотасымен» марапатты болды.

Одан бөлек, білім беру ісінде үздік көрінген сала мамандары, облыстық байқау жеңімпаздары ақшалай сыйақыларға ие болды. Атап айтар болсақ, «Үздік директор», «Үздік директор орынбасары», «Үздік әдіскер», «Қосымша білім беру ұйымының үздік педагогі», «Үздік әлеуметтік педагог», «Үздік арнайы білім беру педагогі», «Үздік кітапханашы», «Үздік психолог», «Үздік әдістемелік кабинет», «Үздік қосымша білім беру ұйымы», «Үздік музей», «Үздік мектепке дейінгі білім беру ұйымы», «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы» аталымдары бойынша 150 000 теңге мен 1 000 000 теңге аралығында ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Іс-шара ұстаздар құрметіне алғыс концертімен жалғасын тапты.

ПАРАСАТ

8 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

Ол ертеректе, ұлы мәртебелі Уақыт жайында толғаныпты: «Уақыт! Сырт шолғанда бұл жылжыған жылдардың, зырлаған күндердің жиынтығы сияқты. Ал тереңіне бойлап, биігіне ой жіберсең, осынау сөзде сан қилы сыр жатыр. Уақыт – сырт-сырт соққан сағат тілінің тырсылы емес, дәуір жүрегінің дүрсілі. Яғни, ол – өмір өлшемі. Алға басқан адымның, алынған асудың уақытпен өлшенетіні де осыдан». Кім болсаң, ол бол – УАҚЫТ кісіні әрқилы сынайды, сынай отырып, әрқилы тұлғалайды. Уақыт жайында толғанған Сәкең, журналистика ұстазы Сарбас Ақтаев жайында ойланамын.

БОЙДА БАРДЫ
КӨЗГЕ ҰРЫП ЖАЛТЫРАМАҒАН...

Әрине, көбіміз Сарбас Ақтаевты журналист ретінде ғана білеміз. Расында, ол – журналист. «Көкшетау правдасы», «Жетісу», «Социалистік Қазақстан», «Халық кеңесі», «Ақиқат» – міне, журналист Сарбас Ақтаев жүріп, өтіп келе жатқан журналистік жолдың ұзынырғасы. Бірінде тілші, келесісінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редактор... Өзіміз ардақ тұтар аға алған асулар, алқынбай жеткен биктер міне, осындай! Әсіресе, алғашқы қорғасынынан құйып, қалың қауымға сүйікті етіп қалдырып кеткен «Халық кеңесі» газетіне бас редактор ретінде сіңірген еңбегі алабөтен.

Баспасөз – шығармашылық көрігі күндіз-түні бір тынбай балғаның шыңылы естіліп тұрар ұста дүкеніндей бейне. Сол ұстаханада аз істеп, қалам ұштауға да, көп істеп, кісі шағылып қалуға да болады. Шыңдалу мен шағылу арасы, бойында бар қажыр-қайрат пен халыққа айтар ойыңның салмағына байланысты. Сарбас ағамен бірсыпыра баспасөзде қызметтес бола жүріп, бір байқағанымыз, ол өз қолтаңбасы, өз шәкірттері бар тәлімгер ұстаз журналист қатарында. Қаламынан туған үлкенді-кішілі дүниелер баспасөз қазынасына ырыс болып қосылып, журналистикаға тыныс беріп келеді.

Турасын айтқанда, Сарбас Ақтаевтың қазақ баспасөзінде жүріп-ақ тісі сарғайды, сары шашы ағарды. Баспасөзге келуден Сарбас аға ұтты ма, ұтылды ма, оны айырып айту қиындау. Әсіресе, қазақ баспасөзі аяқасты болып, күйсіз күн кешіп жатқан қазіргі сәтте. Алайда Ақтаевтай ойы оралымды, тілі көркем, қиялы жүйрік қалам иесінің баспасөзге келуінен журналистика ұтты, көп ұтты. Олай деудің ойланып, сыйлас аға жүріп өткен жолды толғанып талдаудан туған өз заңдылығы бар.

Сарбас Ақтаев – әдебиет есігін ақын болып ашқан жан. Көгілдір Көкшеде туып, ақын болмау күнә да секілді ғой кісіге. Алайда ағамыздың ақындығы ет пен тері арасындағы тер секілді жеңіл желік дүниесі емес-ті. Оның алғашқы өлеңдер топтамасы «Жырға сапар» аталатын ұжымдық кітапқа еніпті. Түбіт иек бір топ темірқанат жас өлеңжырлары арасынан беделге жығылмас белді ғалым Бейсембай Кенжебайұлы түбітиек қауырсын қанат ақын Сарбас Ақтаев өлеңдеріне ілтипат білдіріпті баспасөзде. Міне, осы жай себеп болды да С.Ақтаевтың сонау 1963 жылы жарық көрген «Тұңғыш кітабын» қолға қайта алуға тура келді. Бейсекең танымы мен талғамын бедел тұтудан туған қызығушылық қой баяғы.

Мына қызыққа қараңыз, Бейсекең ілтипатқа алса алатындай бар екен. Ақынталап бала Сарбас Ақтаевтың «Тұңғыш кітабы» әдемі ақындықтың кепілі болып шықты.

Жаулығын құз-қияның жұла тартып,
Зыр қағып ерке бұлақ барады ойнап.
Бірде оршып, бірде арындап
тура тартып,
Секіріп тастан-тасқа салды ойнақ,

– депті ақын «Бұлақ» аталатын өлеңінде. Көз алдымызға таудан құлай аққан бұлақ елестеп қоя береді. Жәй елестемейді, қимыл-қозғалысқа түсіп, сыңғырлап, сылдырап, жұлқына ағып жатқан ақ тұма болып елестейді. Сұлу сурет қиялымызды қытықтап, ойымызды баурап, көгілдір көктем дүниесіне іңкәрландыра, өзіне баурай тартып барады. Қала берді:

Сахнасын көктем сері далаға ашты,
Қыңыр қыс ызғырығын ала қашты.
Өзендер кернейлетіп жөнелгенде
Қар елтіп толқынына араласты, – деп

(«Қызғалдақ») көктемді екінші бір суретпен сызылта жөнеледі. Көктем келбетіндегі сұлулық көкпенбек қалпымен көңілімізге қонып, табиғи бояу болып көкейімізге ұялап қалады. Шуда-шуда шумақтар ақындық кепілі еді демегенде не дейміз енді?!

Алпысыншы жылдары мұндай әдемі, әрлі, ойлы, сергек суретті өлең жазу – қазақ поэзиясы үшін үлкен жетістік еді-ау деп ойлаймыз. Шағын жинақтағы көп өлең – көптің көңілінен шығар көк өлең. Әсіресе, «Көктем көріністері» аталатын топтама жасыл желек жамылған көктемнің өз келбеті, жайнаған табиғаттың өз бет-жүзі дерлік көк бояулы суретті өлеңдер екен. Өз уақытымен өлшей пікір сабақтағанда айтарымыз «Тұңғыш кітап» өлеңдері суреттілігімен, образдылығымен кейбір замандастарының поэзиясынан оқ бойы озық. Жоғарыда «кім ұтты, кім ұтылды?» деген сауал қоя толғануымыздың сыры енді мәлім шығар. Сарбас Ақтаевтың көз жауын алар көркем өлеңнен жанр алмастырып, журналистикаға жол тартып кетуінен қазақ баспасөзі ұтты, қазақ поэзиясы ұтылды демегенде не дейік енді?!..

Асылы, темірқанат жас талап көңіл толқынын өмір толқынына, өлең ырғағын өмір ырғағына айырбастап кетті-ау. Кейде көңіл қалауынан тіршілік тегеуріні мықты шығатыны бар ғой. Көңілді өкінішке бере айтар бір ой – осындай.

Алайда Сәкең ақындықты тастағанымен, ақындық Сәкеңді біржолата ұмытып кетпеді. Ақындық қаламгер көңілінен өшіп кетпей, очеркке нәр, аудармаға бал болып құпжарасып бірге келе жатыр. Ағымдағы баспасөзде қызмет атқара жүріп Ақтаев ақындық алымдылықпен, қаламгерлік шалымдылықпен қилы-қилы қызық көркем очерктер жазды. Әрлі тіл, нәрлі ойға құрылып, ішкі ырғақпен құйылып жазылған ол очерктердің кейбірін іріктеп «Дала туралы толғау» (1971), «Қапшағай хикаясы» (1973), «Бұлар бірінші болып еді» (1975) секілді кітаптарын шығарды. Очеркі көркем әңгіме, деректі повесть өресінде жазылған дерлік бұл дүниелер республикалық бәйгелерде бірінші жүлде, екінші орынды иемденіп жүрді.

С.Ақтаев журналистикада айтулы шебер. Тақырып таңдауы, материал жинауы, кең тыныс, көркем де кестелі тіл, дөңгеленген композициялық бітім – оның очерктерін мейлінше тартымды, сүйкімді ете түседі. «Тәтті, тәтті» дей бергенмен тілге дәм үйірілмесі белгілі ғой, аз-аздап мысалға жүгінелік. Оның бір очеркі былай басталады. *«Бағанадан бері ол батып бара жатқан күннен көз аударған жоқ. Қызылы қалғанымен қызуы қайтқан соң күн екеш күннен де шарапат шамалы» («Нар жүгі»).* Ойлы емес пе? Өзіндік философиясы бар ғой.

«Шудан шыға-ақ көсіле тартқан кер дала, кең дала Хан тауына барып бір-ақ тіреледі. Жалында жел ойнап, жонында сағым билеп құлазып қана жататын қырың қазір бұл емес» («Жас, жас та болса бас»). Суретті емес пе? Кәнігі шебердің қолынан шыққан шынайы сурет!

«...Ызғар да, ызбар да жарыса енді есіктен. Келгендердің аяғымен кірген құшақ-құшақ суық ауа тұла бойды түршіктіріп, қысқа-қысқа қайтарылған зәрлі үндер төбе құйқаны шымырлатады. Сарыауыз балапандай самсаған балалар қанталаған көздерге, анталаған қолдарға қарап аң-таң» («Көненің көзі»). Шебер шендестіру, суретке мінез дарыту дегеніңіз осындай-ақ болмай ма?!

> **Баспасөз – шығармашылық көрігі күндіз-түні бір тынбай балғаның шыңылы естіліп тұрар ұста дүкеніндей бейне. Сол ұстаханада аз істеп, қалам ұштауға да, көп істеп, кісі шағылып қалуға да болады. Шыңдалу мен шағылу арасы, бойында бар қажыр-қайрат пен халыққа айтар ойыңның салмағына байланысты.**

«Ер өлімі еңкейген күн сияқты: жарқылы сөнсе де, жалқыны қалады», («Аманкелді ардагерлері»). Хас суреткердің қолына сирек түсер жұп-жұмыр, шыпшымыр айшықты ой ғой бұл!

«Екіндіге күн енді ғана енкейіп келеді. Үп еткен жел жоқ: төңірек түгел тамылжып тұр» («Қызғалдақ»), «Иә, Кербез Көкше. Бір сабаққа шыққан екі гүл іспетті бір-бірінен жұбын жазбайтын осынау егіз ұғым сөз ойға оралғанда аспанға қол созған алып шыңдар мен айдынында ай жүзген айна көлдер, иісі жұпар аңқыған жасыл орман мен беткейінде ырыс шалқыған бұйра белдер көз алдыңа келеді. Күз кеудесін теуіп, құлдырай аққан бұлақтар, арыстандай атылып, асаудай арқыраған өзендер... бәрі-бәрі көздің жауын алып, қиялыңды қытықтайды» («Өңірі гүлді, өмірі нұрлы өлке»).

Алға тартылғандай айшықты, суретті, көркем жолдар қаламгер аға туындыларында қаншама десеңізші?! Бұл журналистті былай қойғанда жазушымын деп кеуде қағып жүрген ағайын уысына түсе қоймаған, түсіне кіре бермейтін көркем де көсем суреттер, қаламгерлік қазынасы ғой. Тере берсең, қаламға ілінер қанатты сөз көп қаламгерде. Қанатты сөз – қуатты сөз! Көңіліңе қона кетеді. Тере берсең, қаламға ілінер көрікті ойдан туған көркем сурет көп. Көзіңмен оқы, көңіліңе тоқы! Журналистиканы қанағат тұтқан берекелі бейіл ғой. Әйтпесе, оқырманды көкжиекке, авторын көркем прозаға жетелей жөнелгелі тұрған көрікті сөз, өнікті ойлар ғой бұлар! Қалай сүйсінбессің?!

Сарбас Ақтаев еңбектерін оқып отырғанда біздің есімізге публицистиканы көркем проза дәрежесіне көтере жазатын XIX ғасырдағы орыс журналистері түседі. Дүниеге сабырмен қарап, айналасына ойлана көз тастап, қаламды салалы ұстап, сөзді саралап-саралап алақағазға алақанат көбелек ұстағандай абайлап қана қондыратын ол – кінәз публицистер, ізденімпаз Сәкең үшін үйренген мектеп, үлгілі ұстаз болған шығар. Ақ қағазға абайлап қондырған сөз ойына қарай, қай уақытта да айбарланып шыға келмей ме? Энгельгард публицистикасының күні бүгін ерекше қадірлі болатын бір себебі осыдан-ау, асылы?! Әдетте, қай нәрсені де қадірлеуден қасиет туады емес пе?! Қазақта журналистиканы қадірлеп ұстап, қасиеттеп келе жатқан бір жан болса, ол өзіміз өнегелі өмір жолын әңгімелеп отырған Сарбас Ақтаев ағамыз.

Қазақ үшін көп нәрсенің қадірі жоқ. Соның бірі – баспасөз. «Үшінші үкімет», «төртінші үкімет» деп патетикалық леппен айтып-айтып қоятынымыз болмаса, журналистің ақиқатшыл үніне құлақ асу, пайымды іске журналистің парасатын пайдалану – бізде сүйекке сіңбеген, қанға дарымаған іс, сүйейсалды сөз ғана. Түбі бұл мінезден қасірет таппасақ, қасиет таппайтынымыз тағы ақиқат. Журналист деген халқың да қызық жандар. Жалшы кейпінде жүрген жалаңаш батыр. Қалтырайтындай байлық онда жоқ. Сондықтан да жақсылық естісе – қуанып, жамандық естісе – қуарып, ақиқат үшін айқасып, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүргені журналист қауымының. Қайран әріптестер-ай! Сөйтіп, қазақ үшін қадірсіз болып бара жатқан қазақ баспасөзінің қадірлі бір жалаугер қаламгері, соңына шәкірт ерткен тәлімгері – Сарбас Ақтаев та тоқсанның төріне аман-есен шығып алды бүгінде. Ой, пәлі!

Журналистика деректі прозаға қол созым жерде жасайды. Әлгіндей әрлі тіл, көркем дүниетаным Сарбас Ақтаевты қарымды қарасөзге алып келді ақыры. Жұмағали Ысмағұлов есімді жайсаң аға өткен өмірден. Қай жанрда да қатар шапқан жүйріктерге шаң қаптырып кете барар, бәйгебасын бермес хас жүйріктің нағыз өзі болатын, марқұм. Ол жазған проза, ол жасаған аударма, ол жасаған әдебиеттану... Жолы да, жөні де бөлек. Қазақ руханиятының ғажап тұлғасы Ілияс Омаров өмірінен ғұмырнамалық шығарма бастап, аяқтай алмасын білген сәтте Сарбас үзеңгілесіне сенім артып, аттанып кетіп еді бақилыққа. Ілиястайын біртуар өнегесін жақтаған Сарбас Ақтаев, аға сенімін ақтап, ғұмырнамалық шығарманы сәтімен аяқтап шыққан сабазың да. Сәтсіздікті сәттілікке айналдырған сырлы сабаз!

Ақтаев көңіліндегі ақындық, оны көркем аудармада да желеп-жебеп келе жатканы хақ. Ол – майталман аудармашы. Әрине, атқарған қызметке орай, ой қайраты, жанар қуаты марксизм-ленинизм классиктері шығармаларын, социализм желбуаз қайраткерлері жел сөздерін аударуға да кетті ғой. Алтын уақыт-ай, шіркін?! Уақытты ұқыптап, талантты ұштап көркем аудармаға жұмсар ма еді?! Соңғы жылдары Сарбас Ақтаев қаламгерлік дарын-қабілетті көркем аудармаға да арнап келеді. Қазақ елін сүйген, жерін сүйген қазақуар қаламгер Д.Мамин-Сибиряктың әр жылдары жазып, әр жерде жарияланған аңыз, әңгіме, повесть, жолжазба, мақалаларын жинап-теріп аударып, «Жапан даланың жанашыры» деп басын біріктіріп мақала жазған, «Ақ боз ат» деген атпен арнайы кітап шығарғаны – ұлтжанды ойдан туған ұсынықты үлкен іс. Көркем аударманы өнер тұтудан жаңылып қалған қазіргі уақытта төгілген тіл, зор махаббатпен осындай тәржімалық еңбек жасау – ертеңін ойлаған ер-азамат ісі. Аударманың кез келген сәтіне көз тігіп, көңіл жіберіңіз – түпнұсқа табиғатына терең бойлап, тіл мәйегін төгілдіріп тәржімалаған шеберлік үлгісіне тап боласыз. Ақындық һәм ақындыққа табиғаты жақын прозашылық бір кісі бойынан табылу – осындайда аудармашы үшін үлкен байлық. Аудармада Ақтаев ақын болып егіледі, ақынжанды кәнігі прозашы болып төгіледі. Тыңдап көріңізші. *«Қазақ даласы қандай ғажап. Төбесінде төңкерілген түпсіз зерендей көкпеңбек аспанын айтсайшы! Қырдың жұлдыздар жымыңдаған түні тіпті тамаша ғой. Соның бәрінен Хабиболланың өзі мен бейбішесі Әзипа тұратын су жаңа ақбоз үйі артық. Өйткені онда бүлдіршіндей жас ару Гүлзейнеп бар».* Орыс тілінен аударылғандай емес, қазақ қаламгері жазғандай табиғи сурет қой. Қара сөз аралатып келіп отыратын өлең жолдарын қалай аударады құйқылжытып?!

Ерніндегі күлкің боп,
Алқызыл гүл жайнайды.
Көмейіңде құйқылжып,
Тылсым бұлбұл сайрайды, –

деп аударады. Сүйсініп оқисың. Мейірің қанады.

Нобель сыйлығының лауреаты, уақытында колоборационализмге ұшыраған Кнут Гамсунның «Аштық» романы ше? Норвег жұртындағы жұт оқиғасы қазақ халқын қаншама рет қынадай қырып өткен жеті аталы жұтқа ұқсастығынан ба, жә олай болмас аудармашы шеберлігінен шығар, әйтеуір телтумасы төлтумадай «Аштық» қазақы табиғатты шығарма қызығып оқылып кетті қазақ арасында. Сарбас Ақтаевтың тәржіман ретінде тындырған бір ісі міне, осы!

Иә, сөйтіп Сәкең – қай жанр құлағын ұстаса да арымен араласып, барын базарлы етіп беріп жүрген жан. Оның бұл ретте мәртебесі биік, мерейі үстем.

Әңгімені уақыт жайлы журналистің ерте толғанысынан бастап сабақтадық қой. Уақыт кісіні әрқилы сынайды, сынай отырып, әрқилы тұлғалайды. Сәкең уақыт келбетінде мол мүмкіндіктің, қанағатшыл бейілдің, үлкенге іні, кішіге жақсы аға бола білер кісілік болмыстың адамы болып қалыптасыпты осынау жосылып жатқан уақыт межесіне. Толайым еңбекпен жетіпті тоқсанына! Біреулер болады журналистиканың торысына жарамайтын дүниесін жазушылық дүлдүлі етіп көрсеткісі келетін, қызметін бұлдап, төсін сабалап. Алайда тіршілікке жүрген текірек көңіл, қам көкірек Тарих-ақсақалға жүрмейтінін білмейді-ау жабы-көңіл бәндәләр... Тарих ешкімнің еркелігін көтермейді. Әрлі қалам, әрсіз қадам дүниелерін әруақытта әртүрлі елеп-екшеп, әр пендені өз орнына қояды. Осы орайда, көп әріптес, көп замандасына қарағанда көңілі көркем сөз көмбесіне жақын, көркем таным иесі бола тұра, Сарбас Ақтаев көрініп қалайын пенде-пиғылмен бойда барды көзге ұрып жалтырамаған, бойда барды халқына ұғынықты ұсынып келе жатқан мейірбан да дарқан жан. Асылы, ол – арзанмен көзге ұрып жалтырағаннан гөрі, бойда бар қымбатымен жарқырағанды хош көретін адам. Орташа ақын, орташа жазушы болғаннан гөрі көркем тілді, озық ойлы журналист, түпнұсқасымен тіресіп, жарысып тәржіма жасайтын арлы аудармашы болуды қалаған себебі де сондықтан болса керек. Әуел баста әдебиет әлеміне келген бетте: ол:

Лаулап жанбай немене атым адам –
Бойда барды көзге ұрып жалтыраман.
Қарапайым шындықтан ой жаңартам,
Жүдеу сөздің қажетсіз даңқы маған,

– деген еді. Сөзінде тұрды. Көбіміз кісілік болмысына, қаламгерлік адалдығына сүйсіне қарайтын жақсы ағаның алда да қаламы құрғамасына бек сенеміз.

Құлбек ЕРГӨБЕК,
әдебиет сыншысы

БАТЫСТАҒЫ 119 АУЫЛ ҚҰДЫҚТАН СУ ІШІП ОТЫР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «2025 жылдың соңына дейін еліміздің барлық қалалары мен ауылдарының тұрғындары таза ауызсумен қамтамасыз етілсін» деген тапсырмасының БҚО-да орындалуы баяу. Облыста таза ауызсу жетпеген 119 ауыл бар. Кейбір ауылдарға ауызсу тек құжат жүзінде барған, ал іс жүзінде әлі суға қосылмаған. Ал 2025 жыл болса әне-міне табалдырықтан аттағалы тұр. Айналдырған бір жылда 119 ауылға су барып үлгере ме? Біз облыстық прокуратура органдарынан осы салаға жүргізілген талдау нәтижесін сұраттық.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Халықты таза ауызсумен қамтамасыз етуді Президент өзі тапсырды. Бұл тапсырма мүлтіксіз орындалуы тиіс-тұғын. Қала берді, Су туралы кодекстің 90-бабы барлық деңгейдегі әкімдерді халықты таза ауызсумен қамтуға міндеттейді. Алайда бұл міндетке жүрдім-бардым қарап отырған ауыл әкімдері бар.

– БҚО-да 119 ауылда таза ауызсу жоқ. Бұл деген – 16 мыңнан астам халық деген сөз. Әлі күнге құдықтың суын ішіп отырған ауылдар бар. Ал ол құдықтардағы судың құрамында тұз көп, ол аздай, көп құдықтың санитарлық деңгейі тиісті талапқа сай емес. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының өмірі мен денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіреді. Бір ғана мысал, Қаратөбе ауданына қарасты 8 ауылдың құдығынан адам денсаулығына зиянды элементтер анықталды. Ал ауыл халқы әлі сол құдықтан су ішіп отыр, – деді БҚО Прокурорының бірінші орынбасары Дәурен Омарғалиев.

Халық тұтынып отырған таза ауызсудың құрамы да таза болмайтын жайттар болады екен. Облыстық прокуратура өкілдері Орал қаласының өзінен сондай бірнеше олқылықты анықтапты. Мәселен, қаладағы 8 март, С.Датов, Лермонтов, Литовская көшелеріндегі құбырлардан аққан судың құрамынан адам өміріне зиянды бактериялар анықталған.

Прокуратура өкілінің айтуынша, халық ішіндегі санитарлық тазалықтың сақталуына, халықтың дұрыс таза суды қолдануына тікелей атқарушы билік пен санитралық мекеме өкілдері жауапты. Өкінішке қарай, мемлекеттік органдардың қадағалауы жетіспейді.

Халықты таза ауызсумен қамтуда су шаруашылығы жүйесіндегі нысандардың дұрыстығы, заман талабына сай болуы да әсер етеді. Өкінішке қарай, БҚО-да таза ауызсумен қамту былай тұрсын, суы бар деген ауылдардың өзінде су шаруашалығы нысандары қатты ескірген, әбден тозған.

– Су шаруашылығы нысандарының тозуы бойынша Теректі, Шыңғырлау және Орал қаласы алдыңғы орында. Мәселен, Теректі ауданына қарасты Төңкеріс ауылында су құбырларының 90 пайызы тозған. Су туралы кодекстің 90-бабы 7-бөліміне сәйкес ауылдар мен қалардағы су тарту мәселесін әкімдер орындауға міндетті, – дейді облыс прокурорының бірінші орынбасары Дәурен Омарғалиев.

БҚО Құрылыс басқармасының басшысы Әлібек Антазивтің айтуынша, ауылдарға таза ауызсу тарту жұмыстары жалғасып жатыр. Басқарма басшысы бұл жұмыстарды 2025 жылдың аяғына дейін аяқтап үлгереміз деп уәде берді.

– Биыл жалпы 35 мыңнан астам тұрғыны бар 22 ауылдық елді мекенге орталықтандырылған ауызсу желісін тарту жоспарлануда. Осы мақсатта 5,9 млрд теңге қаражат жоспарланып отыр. Оған қоса, 1,8 мың тұрғыны бар 20 ауылға кешенді блок модуль орнату жоспарланып отыр. 2025 жылдың соңына дейін қалған 9 мың тұрғыны бар 99 ауылдық елді мекендерді таза ауызсумен толықтай қамтамасыз ету көзделіп отыр. Осы жұмыстардың бәрі аяқталса облысты түгел ауызсумен қамтамсыз етеміз, – деп атап өтті БҚО Құрылыс басқармасының басшысы Әлібек Антазиев.

Ауылдарды ауызсумен қамтамасыз етуде қиындықтар да бар. Бұл халқы аз ауылдардың таратылуымен байланысты. Мәселен, 2025 жылы 90 ауылға су беретін кешенді блок модуль орнату жоспарланған. Бірақ осының ішінде 35 ауылдың тарап кету қаупі бар екен. Себебі ол жерлерде халық өте аз қалған. Бұдан бөлек, жауапсыз мердігерлердің кесірінен де ауылдарға су тарту мәселесі созылып кетіп жатады. Құрылыс басқармасы қазір сондай мердігерлермен соттасып жатыр.

Мәселен, БҚО Бәйтерек ауданы, Құрманғазы және Краснамерская ауылдарына құжат жүзінде су барып тұр. Бірақ мердігер істі әлі толық аяқтамаған. Қазір аудандық құрылыс бөлімі мердігерлермен соттасуда. Бұдан бөлек, «КазЕвроСтрой» ЖШС 2021-2022 жылдан бері Абай, Талпын, Барбастау және Магистральное ауылдарына су тарту жұмыстарын аяқтай алмай отыр. Құрылыс басқармасының басшысы Әлібек Антазиевтың айтуынша, қазір бұл мердігер компаниямен келісімшарт бұзылып, жұмысы басқа компанияға берілген. Дәл осындай жағдай Подстепное және Чапаев ауылдарындағы су құбырын қайта құру бойынша да бар.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті 2023 жылы «2022 жылдың қорытындысы бойынша еліміз орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесімен 96,8% қамтылды» деген болатын. Сол 2023 жылғы есеп бойынша небәрі 3,2% халықта су жоқ еді. Басқа өңірді қайдам, БҚО-да әлі 100-ден астам ауыл суды құдықтан ішіп отыр. Құдық қазып суы тұщы шықса өздері ішеді, ащы болса малға арнайды. Ауылдағы халық әр құдық қазған сайын суы тұщы шықса екен деп тілейді. Ал кейбір ауылдарға суды аудан орталығынан арнайы көлікпен тасиды. Мамандар 2025 жылдың аяғына дейін БҚО халқын таза ауызсумен 100 қамтып үлгереміз деп сендірді. Кімге сенбей жатқан халық едік, тағы сендік осы сөзге.

ҚОҚЫСҚА ТОЛҒАН ТӨРЕТАМ

Төретам кенті – Ресей жалдап отырған Байқоңыр қаласымен іргелес қоныстанған елді мекен. Жұлдызды қалашықпен жапсарлас қоныстанған осы ауыл халқы талай жылдан бері ғарыш айлағынан көкке самғаған зымырандардың зардабын өзгелерден бұрын сезініп келеді. Әсіресе, адам ағзасына зардабы зор зиянды қалдықтардан қалай құтыларын білмей, алаңдаушылықпен күн кешіп отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Бүгінде кентте қордаланған мәселелер рет-ретімен шешіліп келеді. Дейтұрғанмен, түйіні тарқатылмаған түйткілдер әлі де аз емес. Соның ішінде 2 000-нан астам үй түтін түтетіп отырған кент халқы көп жылдан бері ғарыш айлағына қарасты 9-алаңның қоқысынан жапа шегіп отырғанын айтып, ашынады. Қоқыс толған алаңның қоршаған ортаға зияны орасан екенін айтқан кент халқының көңілі күпті. Түйткіл төңірегінде жергілікті әкімдікке сан мәрте айтқанымен еш нәтиже болмай тұрғанына ашынып отыр.

Не санитарлық, не экологиялық нормаға сай келмейтін қоқыс орнынан арылуға жергілікті әкімдік неге асықпай отырғанын көпшілік түсінбей дал. Онсыз да Байқоңырдан келер кесірден арыла алмай отырған жамағат енді қоқыстағы зиянды қалдықтар таза ауаны ластап жатыр деп шырылдап отыр.

Жалпы, қоқысқа толы 9-алаң Байқоңыр ғарыш айлағының бір бөлшегі саналады. Бұл шағын қалашықта бір кездері әскери казармалар, шағын өндіріс орындары жұмыс істеген. Сол уақытта қалашықтың дәурені дүркіреп тұрды.

Кеңес үкіметі құлаған тұста тоқырау кезеңі басталып, әскерилер үдере көшті. Соның салдарынан қалашық қаңырап бос қалды. Бұл жер еліміздің меншігіне өткенімен бос қалған ғимараттарды тиімді игеріп кете алмаған. Уақыт өте келе казармалар мен өндіріс орындары бұзылып, құрылыс материалдары талан-таражға түскен. Бұл сонау 90-шы жылдары болған жағдай.

Содан қалған үйінді бүгінде үлкен қоқыс алаңына айналған көрінеді. Сол кезден бермен қарай қаншама жыл артта қалса да, тұрғылықты халық қалашықты қоқыстан тазарттыра алмай әлек. Төретам кенті мен Ақай елді мекені аумағына жақын орналасқан алаңның күйіне алаңдаушылықпен күн кешіп келеді.

«Қараусыз қалған бұл алаң жайында тиісті орындарға жиі-жиі айтылып келеді. Жергілікті әкімдіктен бастап бұл орынды білмей, көрмей отыр деп айта алмаймыз. Ахуалдың асқынып тұрғаны бәріне мәлім. Алайда қандай да бір әрекет жасауға асығар емес. Ең бергісі, осы 9-алаң арқылы өтетін Төретам кенті мен Ақай елді мекенін жалғайтын тасжолдың да күйі қашып тұрған еді. Бұл жолдың жайы да талай жыл жыр болды. Бертін келе сол жолды ауыл жастары бірігіп, жамап-жасқап, қалпына келтіріп қойды. Ал қоқысқа толған қалашық сол күйінше әлі де қараусыз жатыр. Тиісті орындарға осы түйткіл төңірегінде тарқатып айта бастасақ, қалашықты қоқыстан тазарту қыруар қаржыны талап ететіні тілге тиек болады. Бұл құрылыс қалдықтарына көмілген алаңның артында қаншама гектар игерусіз жер жатқанын ешкім қаперге алып отырған жоқ», – деп ашынады сол аумақ тұрғыны Күләш Сейілбаева.

Қармақшы ауданына қарасты Төретам кентінің жағдайы онсыз да мәз емес. Көк аспанды шұрқ-тесік қылған зымырандардың әсерінен жер-ана жеміс бермейді. Тек азын-аулақ мал бағып, күнкөріс қамын күйттеп отырған санаулы отбасы бар. Оның да жем-шөбі тығырыққа тірейді. Қалғандары «Екі қолға бір күрек» дегендей, күйбең тірліктің ізінде күнкөріс қамын күйттеп жүр.

«Бұған дейін Байқоңырмен іргелес қоныстанған Төретам мен Ақай елді мекенін көгілдір отынға қосу ісі жыр болғаны белгілі. Газдандыру жұмыстары түрлі себеппен кешеуілдеп, елдің наразылығын туғызған болатын. Дейтұрғанмен, 1 жылдан астам уақытқа созылған құрылыс аяқталып, ел көгілдір отынның игілігін көре бастады. Кеш болса да сәтті аяқталған газдандыру жобасына тұрғындар шүкіршілік етіп отыр. Сондай-ақ кент ішіндегі қоқыс полигонына қатысты түйткілдің де түйіні тарқатылды. Ендігі кезекте Байқоңырдағы Қазақстан азаматтарының құқы, қымбатшылық құрсауында қалған халықтың зары мен осы 9-алаңдағы қоқыс мәселесі шешімін күтіп тұр. Бұл мәселені шешуге білек сыбана кірісетін күн туған шығар деп ойлаймын», – деп ойын сабақтады ауыл тұрғыны.

Бұл мәселе Төретам ғана емес, Байқоңыр қаласында тұратын қазақтардың да бас ауруына айналып отыр. Соның ішінде ел меншігіне өткен орындарды тиімді мақсатта игере алмай, талан-таражға түсіретін жағдай жиі болып жататынын айтады.

Сонымен қатар жылуға қатысты түйткіл де жыл артына жыл салып, жалғасып келеді екен. Халықтың пікіріне сәйкес, басты мәселе – мазут отынына келіп тіреледі. Тұрғындардың айтуынша, Байқоңырдағы Ресей өкілеттігі тарапынан Қазақстанның газын пайдаланып отырғанымен, «Ресейден мазут алдырып отырмыз» деген желеумен қымбат тарифпен, ай сайынғы төлемақы алып отырғанын алға тартады. Бұл мәселе де ел билігі тарапынан оңтайлы шешілгенін қалайды.

Онсыз да қымбатшылықтың құрсауында отырған байқоңырлықтар мен зымырандардың зардабын өзгелерден бұрын сезінетін төретамдықтардың талабы жалғыз. Елдің талап-тілегі ескеріліп, қалашық қоқыстан тазартылғанын қалайды.

АБАЙЛАҢЫЗ, ТҰМАУ!

Кейінгі кездері Алматы қаласында жіті респираторлық вирустық инфекциялармен (ЖРВИ) сырқаттану бойынша эпидемиологиялық жағдай байқалады. Күз кірген бойда тұмау қарқыны күшейетіні рас. Ақ халаттылар дәл осы мезгілде адамдардың ауруға жиі шалдығатынын, соның ішінде вирустық инфекциялардан бөлек аллергия өршитінін айтады. Мамандардың сөзінше, тұрғындарды әбігерге салатын ауру түрлерінің асқынуына ауаның құрғақ әрі салқын болуы әсер ететін көрінеді. Әсіресе, біз қозғап отырған жіті респираторлық вирустық инфекциясы маусымдық өсу кезеңінде ересектер мен балалар арасында кеңінен тарайды.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Бүгінде Алматы шаһарындағы жіті респираторлық вирустық инфекцияға байланысты эпидемиологиялық жағдай белең алғанын қалалық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары да жоққа шығармайды. Департамент өкілдері берген ресми ақпаратқа сүйенсек, 2024 жылдың өткен 36 аптасында Алматы қаласы бойынша ЖРВИ-ның 18 822 жағдайы тіркелген. 100 мың тұрғынға шаққанда сырқаттанушылық көрсеткіші 844,11 құрайды. Бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда 23,5 пайызға жоғары (13 809 жағдай, көрсеткіш – 645,59). Оның ішінде 64,3 пайызы балалар санын қамтиды.

– Өткен эпидемияға дейінгі маусымда, яғни 2023 жылдың қазан-мамыр айлары аралығында науқастардан 377 материал тұмауға қарсы емес инфекцияларға зертханалық зерттеуге алынды. Оның ішінде 115 сынамасында ПТР әдіспен риновирус – 57 сынамада, парагрипп – 11, РС – 22, метапневмовирус – 5, бокавирус – 5, аденовирус – 6, маусымдық коронавирус – 9 сынамада анықталды. Қазір Алматы қаласы бойынша «Ұлттық сараптама орталығы» филиалында тұмау және ЖРВИ вирустарының айналымына зертханалық мониторинг жүргізу үшін жүйе/реагенттер сынағы жұмыс істейді, – дейді Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлы.

Мамандар тұмаудың негізгі белгілерін дене қызуының күрт көтерілуі, бойдағы әлсіздік, қалтырау, бас ауруы және денедегі бұлшықеттердің ауырсынуымен байланыстырады. Инфекцияның жалғыз көзі – науқас адам. ЖРВИ, тұмауды алдын алудың екі әдісі бар: спецификалық және спецификалық емес. Спецификалық түріне дәрігерлер жиі дабыл қағып кеңес беретін вакцинация әдісі кіреді. Мамандардың айтуынша, вакцинация аурудың ағымы мен белгілерін жеңілдетеді. Тұмау пневмония, бронхит, жүрек-тамыр және жүйке жүйесінің асқынуы, созылмалы аурулардың өршуі сынды әртүрлі асқынумен қатар жүреді. Осы ретте эпидемиологтар алғашқы белгілер пайда болған уақытта тұрғындарға өзін-өзі емдеумен айналыспауға, дәрігермен кеңесуге және кәсіби маманның нұсқауы бойынша аурудың бірінші күнінде вирусқа қарсы препараттармен емдеуді бастау маңызды екенін қатаң ескертеді.

– ЖРВИ, тұмаумен сырқаттанудың өршіген кезеңінде халыққа алдын алу шараларын сақтауды ұсынамыз. Ең алдымен, иммундау жүйесін дәрігердің тағайындауымен көтеруге, С дәруменін, оксолин жақпа майын қолдануға кеңес береміз. Сонымен қатар сырқатты алдын алуда жаппай іс-шаралар өтетін орындарға баруды қысқарту, бөлмелерді жиі желдету, ЖРВИ-мен ауырған науқастармен қарым-қатынаста болмауға тырысу, егер қарым-қатынаста болған жағдайда бетперде киіп, жеке гигиена ережелерін сақтау аса маңызды. Тұрғындарға өзін-өзі емдемей, медицина қызметкерінің көмегіне жүгінуге, түшкіру және жөтелу кезінде ауызды қолмен, майлықпен, орамалмен жауып, қолды мүмкіндігінше жиі жуу қажет екенін айтқымыз келеді. Ауру асқынып тұрған уақытта ата-ана науқас балаларды мектепке, мектепке дейінгі балалар мекемелеріне, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өтетін орындарға жібермеуге тиіс, – дейді Қасымхан Алпысбайұлы.

Естеріңізге салайық, тұмауға қарсы вакцинация биылғы қыркүйек айынан бастап қараша айына дейін жалғасады. Қыркүйек айында қоймаға тұмауға қарсы вакцинаның 54 518 доза мөлшерінде бірінші партиясы келіп түскен еді. Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті өкілінің дерегінше, қоймаға жеткізілген вакцина қоры медициналық ұйымдарға берілді.

– 2024 жылға жергілікті бюджет қаражатына «тәуекел тобындағы» адамдарды вакцинациялау үшін ресейлік 200 000 доза мөлшерінде үш валентті тұмауға қарсы «Гриппол Плюс» вакцинасы сатып алынды, – дейді Алматы қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қ.Алпысбайұлы.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған статистиканы назарға алсақ, маусымдық тұмаудан зардап шеккен науқастардың жыл сайынғы саны шамамен 1 миллиард адамды құрайды, оның ішінде 3-5 миллион адамда ауыр респираторлық инфекция дамиды. Аталған ұйымның болжамына сәйкес, тұмаудың басқа асқынуларынан болатын өлім санын қамтымағанда жыл сайын 290 мыңнан 650 мыңға дейін адам тыныс алу жүйесінің бұзылуынан қайтыс болады.

AIQYN-LIVE

8 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

«АДАЙДЫ» ӘУЕЛЕТКЕН ӘЛІБЕК

Көкше жерінің тумасы 26 жастағы Әлібек Қайырбектің есімі бір-ақ сәтте тұтас Қазнетке танымал болды. Әлемде тұңғыш рет қазақтың қара домбырасының күміс күмбірі мен үні қарт құрлықтың ең биік шыңының төбесінен әуелегені халықтың үлкен құрмет-қошеметіне бөленді. Қазақтың киелі домбырасын серік еткен жас талантты музыкант Еуропаның ең биік шыңы – Эльбрустың төбесінде «Адай» күйін әуелетіп, қазақтың үнін тұтас әлемге паш етті...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Қалам тартуға түрткі болған кезекті кейіпкеріміз жас та, талантты музыка шебері – Әлібек Қайырбек. Балалық шағынан ән мен жырға, домбыраға әуес болған жігіт алғашқы қадамын музыкалық үйірмелерде бастап, кейін білімін шыңдауды Шабыт өнер университетінде жалғастырады. Бүгінде Көкше жерінен түлеп ұшқан жас домбырашы жігіт Астана қаласының Қазақ ұлттық өнер университетінің концерт бөлімінің басшысы әрі Қалибек Қуанышбаев театрының домбырашысы болып қызмет атқарады.

Кәрі құрлықта шыңдары көк тіреген Эльбрустың биік шыңына шығып күй шерткен Әлібек бұл өзінің бала кезден бергі асқақ арманы болғанын айтады.

– Мен Көкшетау өңірінде туып-өстім. Домбыраға деген қызығушылығым мені өнер жолына алып келді. Көкшетау қаласындағы Біржан сал атындағы музыка мектебінде Сакен Біржановтың шәкірті болдым. Кейін Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде Меруерт Юсбековадан тағылымды білім алдым. Қазірде қазақ өнерінің қасиетті шаңырағы – Шабыт университетінде қызмет атқарып, өз өнерімді әрі қарай дамытып, ұлттық мәдениетімізді насихаттауға үлес қосудамын. Тау шыңында қазақтың қара домбырасымен күй төгілту менің бала кездегі асқақ арманым еді. Домбыраның әуені табиғатпен астасып, таудың биіктігінде ерекше естілердей көрінетін. Туған жерім Көкшетаудың табиғаты маған шабыт беретін. Өзімнің бала арманым ақыры зор мақсатқа айналып, іс жүзінде жүзеге асқаны мен үшін аса зор бақыт, – дейді Әлібек Қайырбек.

«Тұтас әлем қазақтың қасиетті домбырасының үнін естуге тиіс» деген Әлібек Эльбрустың ең биік нүктесінде «Адай» күйін орындаған. Теңіз деңгейінен 5 642 метрге дейін биіктікте альпинистермен бірге қиналмай шыққан қазақ баласы «Адай» күйін орындап, осылайша осыған дейін ешкімнің ойына да кірмеген іспен тарихқа енді.

Қазнетте Эльбрус шыңында көк туды желбіретіп қойып, «Адай» күйін домбырада нақышына келтіре әуелеткен бейнероликті желілерге салынған сәтте-ақ сан мыңдаған адам көріп, лүпіл басқан. Жүздеген адам оның ішінде шетелдік көрермендер де Әлібектің өнеріне тәнті болып, жағымды пікірлер қалдырған.

Әлібек тау шыңында күй орындау арқылы өз ұлты мен қазақтың қара домбырасын күллі әлемге таныту идеясынан туындағанын айтады.

– Эльбрустың шыңында «Адай» күйін орындау идеясы – менің бала арманыма байланысты. Мен әрдайым ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, оны өзімнің қолымнан келгенше жаңа деңгейде көрсетуге тырысатынмын. Таудың биігі мен күйдің рухы астасқанда, бұл ерекше символизмге ие болады деп ойладым. Осы қадамға түрткі болған – домбыраның құдіретін әлемге паш етуге деген құштарлығым еді, – дейді Әлібек Қайырбек.

Құзар шыңдары мен биік жартастары аса қауіпті шыңға қаймықпай шыққан жас жігіттің тауға шығып, экстремалды іске әзірленуіне де бала арманы мен сенімі, шыдамдылығы тәуекел етуге ықпал еткен.

– Әрине, альпинизмге арнайы дайындық қажет болды. Физикалық дайындықтан өтіп, шыдамдылық пен күшімді сынадым. Эльбрусқа көтерілер алдын жарты жыл дайындалдым. Қандай істі қолға алсам да ең алдымен барлығын жоспарлап жүретін адам болған соң, тауды толық зерттедім. Барлық мүмкіндіктер мен тәуекел-қатерлерді алдын ала біліп отырдым. Бірақ тауға шығуға деген ынтам және сенімім әлемнің ең биік нүктелерінің бірі – Эльбрусты бағындыруға деген қорқыныштан басымырақ болды, – дейді Әлібек.

Әлібек барлық қиындықтар артта қалып, шыңның ең төбесіне аман-есен шыққанда өзінің бойын айтып жеткізе алмайтын сезім билеп, әсіресе қазақтың қара домбырасымен күй орындаған кезінде арманының жүзеге асқан сәтін ерекше күйге бөлегенін айтады.

– Эльбрустың төбесіне көтерілген сәт бұл ерекше сезім болды. Домбыраның үні сол сәтте айналамен үндесіп, бір сиқырлы гармония орнағандай сезілді. «Адай» күйін орындау арқылы өзімнің түпкі мақсатымды орындап, рухани биікке көтерілгендей болдым. Әрі сол шыңның басында өз-өзіме уәде бердім. «Бұл тек қана бастамасы, әлі талай шыңдарда қазақтың ұлттық күйлері шырқалуы тиіс» деген қорытындыға келдім. Алла жазса, алдағы уақытта осы мақсат жолында жұмыс істейтін боламын, – дейді Әлібек Қайырбек.

Әлібек алдағы уақытта қазақтың қара домбырасын арқасына байлап, жеті бірдей тау шыңын бағындыруды өзінің мақсатына айналдырғанын жеткізді.

– Экстремалды әрі аса қауіпті болғанымен, мұндай сапарды одан әрі де жалғастыру ойымда бар. Қазір тағы бірін қолға алдым десем болады. Бірақ «Қандай тау, қашан шығасың?» деген сұрақтарыңызға қазір жауап бере алмаймын. Бір істі бітірмей жатып, жар салғым келмейді. Сондықтан бұйырса, тауда тағы да күй орындалғаны туралы ақпарат естісеңіз, мені есіңізге алсаңыз болады, – дейді күлімсіреп. – Мұны өте жақын арада іске асыратын боламын. Сұрағаныңыздай, қазақтың күйін әлемнің ең биік нүктелерінде орындау – менің басты миссиям деп білемін. Алда жеті шыңды бағындырып, әр шыңда қазақ күйлерін орындау жоспары тұр. Менің ойымша, ұлттық мәдениетімізді жаңа биіктерде таныту – біздің басты мақсатымыз болуы керек. Домбыра – қазақтың жаны, ал оның үні әлемге таралуға тиіс. Осындай жобалар арқылы өз мәдениетімізді насихаттап, жаңа белестерді бағындыра аламыз деп сенемін. Жастарға рух сыйлап, оларды шыңға жетелеу мен үшін үлкен қуаныш, – деп түйіндеді Әлібек Қайырбек.

Жас талантты музыканттың әлем елдерінде қазақтың атын шығаруға барынша күш салып, қазақтың қара домбырасын насихаттау миссиясын өзіне мақсат етуі – үлкен іс. Сондықтан талапты жастың болашағына сәттілік пен алға қойған мақсаттарының орындалуын біз де тіледік...

«ВАЛЬС КОРОЛІ» ТЕАТР ШЫМЫЛДЫҒЫН ТҮРДІ

Түркістан музыкалық драма театрының ұжымы IV маусымның ашылуына қызу дайындықпен кірісіпті. Жаңа маусым шымылдығы Байділдә Айдарбектің «Вальс королі» спектаклімен ашылды.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Демалыс күндері жұртшылыққа ұсынылған спектакльге түркістандықтардан бөлек, еліміздің бірқатар өңірлерінен театрсүйер қауым жиналды. Қойылымның шымылдығы түрілгеннен көрерменді өзіне баурап алған спектакль көрерменді соңына дейін бір деммен, барша ықыласпен көруге жетеледі. Алдымен сахнаның декорациясы, безендірілуі, актерлердің дәуірге сай жинақы киім үлгісі көрерменді еліктірсе, одан соң оқиға желісі баурап алды. Қазақтың мандайына біткен Ән падишасының өмірінің соңына дейінгі көрген қиындықтары, тірісінде өнерінің рахатын да сезіне алмағаны жүрек қылын тербетпей қоймайды. Театр актерларының кейіпкерлерді тамаша сомдауы, режиссердің Шәмшінің жан тебіренісін әдемі көрсете білуі көрерменнің көзіне жас алдырмай қоймады.

Айта кетейік, аталған театр биыл сәуір айында Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесе отырып Қазақстанның халық әртісі, көрнекті композитор Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығына арналған республикалық драматургия байқауын жариялаған еді. Бәйгеге түскен шығармалар ішінен Байділдә Айдарбектің «Ән-ғұмыр» атты пьесасы жүлделі болды. Театрдың көркемдік жетекшісі әрі идея авторы Шынар Омарованың айтуынша, халық қойған мәртебесін ұлықтау мақсатында автордың келісімімен қойылым атауы «Вальс королі» болып өзгертілген.

Басты мақсаты да қазақтың ән падишасын әлемге таныту екенін атап өтті.

Спектакльді қоюға халықаралық деңгейдегі көптеген тәжірибелі мамандар атсалысқан. Қоюшы режиссері – Карло Шакаллуга «Вальс королі» атанған даңқты композитор Шәмші Қалдаяқовтың бай шығармашылығы мен әуелеген әнмен өрілген тағдырынан сыр шертетін қойылымды сахналау, қазақтың ән өнерімен танысу қызық әрі жаңа деңгей болғанын атап өткен еді жаңа маусымның ашылуына орай өткен баспасөз жиынында.

Театр басшысы Әлімхан Мырзахан еліміздің театрларында Шәмші туралы спектакльдер бірнеше рет қойылғанын, бұл жолғысы өзгеше екенін жеткізген болатын. Айтса, айтқандай-ақ екен. Тағы бір ерекшелігі, театрдың жаңадан құрылған музыкалық ансамблі мен хор ұжымы Шәмші Қалдаяқовтың үздік әндерін орындады. Одан бөлек, премьераға келген көрермендер Шәмші Қалдаяқов мұражайынан арнайы алып келген композитор тұтынған экспонаттар мен ойнаған музыкалық аспаптарын тамашалап, ескерткішке суретке түсіп жатты.

Спектакль кейіпкерлерін толығымен Түркістан музыкалық драма театрының төл актерлері ойнап шықты. Баспасөз жиынында театр әртістері өз рөлдерінің жауапкершілігі мен осынау жолдағы ізденістерін, біртуар тұлға жайлы ойларын ортаға салған болатын.

Басты рөлдерді Данияс Нұрқабден, Қадыржан Төреханов, Али Марат, Сұлтан Мейірбек, Айя Дәрібаева, Аида Серікова, Темірлан Еркінғалиев, Сембай Нұрла, Мұзафар Ғалымжанұлы, Дінмұхаммед Алпысбек, Ақ-Сұлтан Әнуарбек, Мерей Құдайберген, Шерхан Саматұлы, Ұлан Әділбек, Шұғыла Жәнібекова, Болатбек Оспан, Ақбөпе Сабет, Инабат Абытхан, Айдана Аққали, Досымжан Арқабеков, Мейіржан Тұрсынов сомдады.

Қойылымның сценографиясын Италияның Architizer Prize and A.I.A Middle East марапаттарының жеңімпазы Gio Forma студиясы дайындады. Жарық жөніндегі суретшісі – Gaetano La Mela. Қоюшы хореографы – театрдың талантты бас балетмейстері Мадина Муратпекова. Музыканы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ербол Мұхамедиев өңдепті. Костюм жөніндегі суретші Алма Сырбаева – еліміздің белді театрларында қызмет атқарған тәжірибелі маман. Хормейстер – Ұлжан Болатханқызы. Музыкалық редакторы – Ақбала Ыбрайқызы.

Сонымен бірге «Вальс королі» музыкалық драмалық спектаклін қоюға халықаралық деңгейдегі көптеген тәжірибелі мамандар атсалысқанын атап өткен жөн.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4506
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Нұрлан ҚОСАЙ